

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
ТҮЗЕУ ПЕДАГОГИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМИ - ПРАКТИКАЛЫҚ  
ОРТАЛЫҒЫ

ДЫБЫСТЫҚ ТАЛДАУ МЕН ЖИНАҚТАУ  
ДАҒДЫЛАРЫНЫҢ БҰЗЫЛУЫ  
САЛДАРЫНАН БОЛҒАН ЖАЗБАША СӨЙЛЕУ  
ТІЛІНІҢ БҰЗЫЛЫСЫН  
ТҮЗЕТУ-ЛОГОПЕДИЯЛЫҚ ЖҰМЫСЫ

Әдістемелік нұсқау

Алматы, 2015

ӘОЖ. 376 (075.8)  
КБЖ 74.3  
И 13

Түзеу педагогикасының ұлттық ғылыми-практикалық орталығының ғылыми-әдістемелік кеңесінде мақұлданып, ұсынылған (№6 хаттама 1.10.2015 жыл)

Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігінің ақпараттық технология, мектепке дейінгі және орта білім беру Департаментімен ұсынылған

**Рецензенттер:**

**Оразаева Г.С.** – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент.

**Түлбиева Г.Н.** – педагогика ғылымдарының магистрі.

И 13 **Ибагова Г.Б.**

Дыбыстық талдау мен жинақтау дағдыларының бұзылуы салдарынан болған жазбаша сөйлеу тілінің бұзылысын түзету-логопедиялық жұмысы: әдістемелік нұсқау. Алматы: 2015. – 62 б.

ISBN 978- 601-298-465-1

Жазбаша сөйлеу тілі бұзылыстары бастауыш мектепте өте өзекті мәселе болып табылады және кеңінен таралған. Әдістемелік нұсқауда ұсынылған тілдік талдау мен жинақтау дағдыларының бұзылуы салдарынан болған жазбаша сөйлеу тілінің бұзылысын түзету-логопедиялық жұмысының негізгі бағыттары мұғалім-логопед мамандардың осы балалармен логопедиялық жұмысты бағытты және тиімді ұйымдастыруына септігін тигізеді.

Әдістемелік нұсқау логопедтерге және дефектологтарға арналған.

ӘОЖ. 376 (075.8)  
КБЖ 74.3

ISBN 978- 601-298-465-1

© ТП ҰҒПО, 2015  
© Ибагова Г.Б., 2015

## МАЗМҰНЫ

Кіріспе .....	4
Жазбаша сөйлеу тілінің қызметі: тарихы, құрылымы.....	6
Балаларда жазбаша сөйлеу тілінің теориялық негізінің қалыптасуы және дисграфия мәселесіне жаңаша көзқарас.....	11
Дыбыстық талдау мен жинақтау дағдыларының бұзылуы салдарынан болған жазбаша сөйлеу тілінің бұзылысын түзету-логопедиялық жұмысының ғылыми-әдістемелік негіздері .....	19
Фонематикалық, буын, сөйлем құрамын, мәтіннің құрылымын талдау мен жинақтау дағдыларын тексеруге арналған әдістемелер .....	27
Тілдік талдау мен жинақтау дисграфия бұзылыстарын түзету негізінде логопедиялық жұмыстың әдістері, міндеттері, принциптері .....	33
Тілдік талдау мен жинақтау негізінде дисграфия бұзылыстарын түзетуге арналған төменгі сыныптардағы логопедиялық жұмыстың басты бағыттары .....	39
Қорытынды.....	52
Пайдаланған әдебиеттер .....	53
Қосымша. Сабақтардың жоспарлары.....	55

## КІРІСПЕ

Қазіргі кезде бастауыш сынып мұғалімдері оқушылардың жазуындағы бұзылыстар мәселесімен жиі кездеседі. Балалар әріптерді тастап кетіп, шатастырады, айнада көрінгендей етіп жазады немесе сөзде қажетсіз әріптерді қосып жазады. Мұғалімдер көбінесе оқушылардың мұндай қателерін олардың зейінінің тұрақсыздығы немесе жалқаулығымен байланыстырады, орфографиялық және леп белгілері сияқты қателерге жатқызып тоқсан соңында «екі» қояды. Ал оны арнайы мамандар ғана түсініп, кейін олардың салдарынан баланың жазбаша сөйлеу тілі бұзылатынын атап, ұзақ уақытқа созылатын түзету жұмысы қажет екені туралы айтады.

Жазуды меңгерудегі қиындықтар 1 сыныпта-ақ белгілі болады. Көрсеткіштері болып мыналар табылады: әліпбидің әріптерін нақты танымауы, дыбысты әріпке немесе керісінше айналдырудағы қиындықтар, баспа графеманы жазу белгісіне ауыстырудағы қиындықтар, дыбыстық талдау мен жинақтаудағы қиындықтар. Келешекте жазу процесінің қалыптасуы бұзылады. Балалар жазбаша және баспа әріптерді оптикалық және моторлық белгілері бойынша шатастырады, бірнеше сөзді бір сөз етіп қосып жазады немесе сөздерді бөліктерге бөледі. Егер балаға аталған қателерді түзетуге бағытталған көмек уақытылы көрсетілмесе, екінші сынып соңында олар дисграфияға әкеліп соғуы мүмкін.

Жазбаша сөйлеу тілі бұзылыстары мәселесі мектепте өте өзекті болып отыр, оған жалпы білім беретін мектеп оқушылары арасындағы дисграфияның кеңінен таралуы және оны түзету себепші. Осы себептен біз зерттеу жұмысының тақырыбын аталмыш мәселеге арнап отырмыз. Сонымен қатар, зерттеу жұмысында құрастырылған тілдік талдау мен жинақтау дағдыларының бұзылуы салдарынан болған жазбаша сөйлеу тілінің бұзылысын түзету-логопедиялық жұмыстың негізгі бағыттары мұғалім-логопед мамандардың осы балалармен логопедиялық жұмысты бағытты ұйымдастыруына септігін тигізеді.

Біздің нұсқауымыздың мақсаты – сөйлеу мүмкіндіктері шектеулі оқушыларға арналған арнайы мектептегі бастауыш сынып оқушыларының тілдік талдау мен жинақтау дағдыларының бұзылуы салдарынан болған жазбаша сөйлеу тілінің бұзылысының қалпын тек-

серуге және логопедиялық түзете-дамыту жұмыстарын ұйымдастыру жолдарының әдістемелік жүйесін белгілеу.

Нұсқауда құрастырылған тілдік талдау мен жинақтау дағдыларының бұзылуы салдарынан болған жазбаша сөйлеу тілінің бұзылысын түзету-логопедиялық жұмыстың негізгі бағыттары мұғалім-логопед мамандардың осы балалармен логопедиялық жұмысты бағытты ұйымдастыруы өте нәтижелі болады.

Нұсқауды құрастырғанда мынандай әдістер қолданылды:

- мәселеге байланысты психологиялық-педагогикалық, арнайы әдебиеттерді, ғылыми зерттеулердің монографиялық материалдарын жүйелі және салыстырмалы түрде талдау;
- педагогикалық тәжірибені зерттеу және талдау;
- тексеру, қалыптастырушылық эксперименттері;
- мектептің мұғалім-логопедтерімен, әңгімелесу.

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері болып, Қазақстан Республикасының 2011-2020ж, білім беруді дамытудың Мемлекеттік Бағдарламасы, ҚР «Мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзете қолдау көрсету туралы» Заңы, 2005ж.; жалпы және арнайы психологияның, педагогиканың, лингвистиканың концепциялары болып табылады: жазбаша сөйлеу тілі бұзылыстарының түрлері А.Н.Корнев [1], И.Н.Садовникова [2], Р.Е.Левина [3], И.К.Колповская, С.Б.Яковлева [4], тілмен ойлаудың бірлігі туралы, сөйлеу тілінің жалпы дамымауының құрылымы мен белгілері жөніндегі заманауи көзқарастар - Р.Е.Левина, Т.Б. Филичева, Г.В. Чиркина [5], Л.Ф.Спирова, Н.С. Жукова [6], Т.В.Туманова [7], Р.И.Лалаева, В.Г. Петрова [8], ойлау әрекеттерінің кезеңділік бойынша қалыптасу теориясы - П.Я. Гальперин [9], танымдық әрекеттің дамуындағы сөйлеудің маңызы - Л.С.Выготский [10], А.Н.Леонтьев, В.И. Лубовский, А.Р.Лурия [11], табылады.

## **ЖАЗБАША СӨЙЛЕУ ТІЛІНІҢ ҚЫЗМЕТІ: ТАРИХЫ, ҚҰРЫЛЫМЫ**

Ең бірінші болып жазудың бұзылуын сөйлеу тілінің жеке бұзылысы деп А.Куссмауль 1877 жылы көрсеткен. Одан кейін де бұл туралы көптеген жұмыстар шыға бастады. Әсіресе XIX ғасырдың басында жазу тілінің бұзылуына әр түрлі көзқарастар пайда болды. Осы кезеңде оқу мен жазудың бұзылыстары жазбаша сөйлеу тілінің ортақ бұзылысы ретінде қарастырылды. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында әдебиеттерде оқу мен жазудың бұзылысы ортақ ақыл ойының әлсіздігінен басталып, тек ақыл ойы кем балаларда ғана кездеседі деген ой кең тарады.

Бірақ XIX ғасырда 1896 жылдың өзінде – ақ В.Морган оқу мен жазудың бұзылысын он төрт жастағы интелектісі қалыптағы баланың жағдайын сипаттады. Бұл бұзылысты В.Морган «орфографиялық дұрыс және қатесіз байланыстырып оқи алмаушылықтан» деп анықтады. В.Морганнан кейінгі басқа авторлар (А.Кусмауль, О.Беркан) жазу бұзылысын сөйлеу тіліне – әрекетінің бөлек бұзылыс деп қарастырады ең бірінші оқу мен жазуды меңгерудің қиындығын «алексия» және «аграфия» деген терминдермен атап, олармен ауыр және жеңіл деңгейлерін белгіледі.

Сонымен, XIX ғ аяғы мен XX ғ басында бір – біріне қарама – қарсы екі көзқарас пайда болды. Бір авторлар жазудың бұзылысын ақыл – ой кемдіктің бір құрамы деп есептесе, екінші авторлар жазудың бұзылысы өзімен оқшауланған, ақыл – ойы кемдікпен байланыссыз бұзылыс деп белгіледі. Сонымен бірге «алексия», «аграфия» және «дисграфия» түсініктері ажыратыла бастады. Дисграфияның түрлері, жазу бұзылысының түрлі классификациялары бөліне бастады.

Жазбаша сөйлеу тілін зерттеудегі невропатолог Н.К.Монаковтың көзқарасы үлкен мағынаға ие болды. Ол бірінші болып дисграфияны ауызша сөйлеу тілінің, сөйлеу бұзылыстарының жалпы сипаттамасымен немесе афазиямен байланыстырады.

Е.Иллинг жазу бұзылысы кезінді бұзылатын үрдістер қатарын бөледі:

- Әріптердің оптикалық бірлігі мен дыбыстың акустикалық бірлігін меңгеру;

- Дыбысты әріппен сәйкестендіру;
- Әріп жіне сөзді синтездеу;
- Сөзді оптикалық және акустикалық бөлшектерге бөле білу қабілеті;
- Сөздің екпінін, әуенін, дауыстыларын анықтау;
- Оқығанды түсіну.

О.Ортон осы мәселелерді зерттеу үстінде (1937) үлкендер мен балалар арасындағы жазуды меңгерудегі айырмашылықтарын көрген. Үлкендердің жазуының бұзылуы әр түрлі ми зақымдануынан пайда болады деген. О.Ортонның айтуы бойынша, балалардың, басты қиыншылықтары әріптерден сөз құрай алмауында. Мұндай қиыншылықты автор «аграфия» деп атайды.

Ресей невропатологтарынан дисграфияны Р.А. Ткачев пен С.С. Мнухин зерттеген. Р.А.Ткачев меңгере алмаудың туа бітетінін анықтайды. Бала сауатты оқу барысында әріптерді, буындарды дұрыс ағай алады да, оны есінде сақтай алмайды. Жеке буындардан көбіне аяққы буынды ғана есте сақтайды. Оны Р.А.Ткачев интеллектісі қалыпты жағдайдағы көру мен естудегі әріп бейнелерінің байланысының нашарлығынан дейді. Бұл тұқым қуалау факторымен сипатталады. С.С.Мнухиннің көзқарасы бойынша, аграфияның пайда болуының көптеген жағдайы түрлі деңгейде белгіленетін (ішімдік, психопатия, ата - анасының эпипепсиясы, туылу кезіндегі травмалар) тұқым қуалаушылықта (мұндай балалар графикалық ырғақтылықты, алфавиттегі әріптерді, ай, апта, күн атауларын айтуда қиналады).

XX ғасырдың 30 – жылдарында жазу бұзылуын психологтар, педагогтар, дефектологтар қарастыра бастады. Ең бірінші болып Ф.А.Рау жазудың бұзылуы мен дыбыс айтудың байланысын көрсеткен, одан кейін М.Е.Хватцев, Р.М. Боскис, Р.Е. Левина зерттеулері жазудағы жетіспеушілік көп жағдайда фонематикалық қабылдаудың бұзылысымен негізделгенін дәлелдеді.

Дисграфия жайлы М.Е. Хватцев көп жұмыс жүргізген. Басына ол дисграфияны дыбыс айту кемшіліктерінің көрінісі деп қарастырған. Ал дыбыс айту кемшіліктері балаларда түзелгенен кейін, М.Е.Хватцев әріп түрінде көрсетілген дыбыс стереотипті көруінің бұзылуымен түсіндірген.

Р.Е.Левина алғашқы жұмыстарын жазудың бұзылуын фонематикалық дамымаудың сипатымен түсіндірген. Одан кейінгі Н.А.Никашина, Л.Ф. Спинова жұмыстарында жазу бұзылуы тілдік дамудың алғашқы кезеңдеріндегі дұрыс жұмыс жүргізілмегендігімен байланыстырады.

Қазақ тілінде оқитын оқушылардың жазбаша сөйлеу тілінің бұзылуы туралы деректер жоқтың қасы.

Жазбаша сөйлеу тілі ұғымына оқу мен жазу кіреді. Жазу - бұл графикалық элементтердің көмегімен информацияны қашыққа жіберіп сөйлеу тілін белгілейтін таңбалар жүйесі. Яғни, жазбаша таңбалар жүйесі арқылы қатынас жасаудың ерекше түрі. А.Лурия оқу импрессивтік сөйлеу тілінің ерекше түрі, ал жазу эксперессивті сөйлеу тілінің ерекше түрі деп сипаттайды. Жазбаша сөйлеу тілі ауызша сөйлеу тілінің негізінде қалыптасады. Дегенмен, екеуінің арасында айырмашылықтар болады:

- ауызша сөйлеу тілі бір жаста, ал жазбаша сөйлеу тілі 5-6 жаста қалыптасады;
- ауызша сөйлеу тілі үлкендер мен қатынас үрдісінде пайда болса, жазбаша сөйлеу тілі саналы түрде, оқыту процесінде қалыптасады;
- жазбаша сөйлеу тілінде күрделіпунктуациялық ережелер жүйесін қолданады;
- жазбаша сөйлеу тілінде эмоционалды қатынас түрлері (мимика, жест, т.б) қолданбайды;
- оқушыға немесе тыңдаушыға түсінікті болу үшін хабарланатын ақпарат толық, нақты болу керек.

Қазіргі кезде арнайы әдебиеттерде жазбаша сөйлеу тілінің бұзылуы (ЖСТБ) білдіретін әр түрлі терминдер қолданады: жазудың жартылай бұзылуы – дисграфия; жазудың мүлдем қалыптаспауы - аграфия; оқудың жартылай бұзылуы - дислексия; оқу дағдыларының мүлдем болмауы - алексия; орфографиялық біліктілігі мен дағдыларын меңгере алмауға байланысты жазудағы тұрақты кездесетін қателер – дизорфография деп аталады.

ЖСТБ-н атап айтсақ, дисграфия мен дизорфографияны ажыратудың негізгі критерийлері сауатты жазудың принциптері болып табылады. Жалпы орфографияда үш принцип белгілі: *фонетикалық, морфологиялық, дәстүрлі.*

*Фонетикалық принциптің* негізінде дыбыстық талдау жатыр. Сөз қалай естілсе, айтылса солай жазылады. (бас, шана т.б)

*Морфологиялық принцип* бойынша айтуына қарамастан морфемді (түбір, жұрнақ, жалғау) әріп белгісі тұрақты сақталады. Морфологиялық талдау деңгейі сөйлеу тілінің лексикалық – грамматикалық жағының дамуымен тығыз байланысты болады.

*Дәстүрлі принципте* сөздің ескі тарихи жазылуы сақталады. Мектеп тәжірибесіне ол сөздер «сөздік сөздер» деп аталады.



Орфографиялық принциптерді ескере отырып дисграфия фонетикалық принциптің, ал дисорфография морфологиялық, дәстүрлі принциптерді қолдауының бұзылуынан деп тұжырымдауға болады.

*Жазу үрдісінің психофизиологиялық құрылымы.* Жазбаша сөйлеу тілі сөйлеу тіл іс – әрекетінің күрделі түрі және көп деңгейлі үрдіс болып табылады. Оған түрлі анализаторлар қатысады: *сөйлеу – есту, сөйлеу – қимыл – қозғалыс, көру, жалпы қимыл – қозғалыс.* Олардың арасында жазу үрдісі кезінде өзара шартталған тығыз байланыс орнайды. Жазбаша сөйлеу тілін меңгеру есту және дыбыс айту қасиетінің, көрінетін және жазылатын сөздің арасындағы жаңа байланыс орнату сипатынан тұрады, өйткені жазу үрдісі төрт анализаторлардың : сөйлеу қимыл – қозғалысты, сөйлеу – есту, көру және қимыл – қозғалыстардың бірлескен жұмысымен қамтамасыздандырылады. Сөйлеу тілінің қысқа бірлігі, осыған сәйкес шартты түрде төмендегідей болады:

- Сөйлеу қимыл – қозғалысты анализаторы
- Сөйлеу – есту анализаторы
- Көру анализаторы
- Қимыл – қозғалыс анализаторы

Бұл үрдістің құрылымы дағдыны меңгеру кезіңіне, жазу міндеттері мен сипатына байланысты. Жазу ауызша сөйлеу тіл үрдісімен тығыз байланысты және тек оның дамуының жеткілікті жоғары деңгейі негізінде іске асырылады.

Үлкен адамның жазуы жатық машықтандырылған, сондықтан осы дағдыны меңгерген баланың жазуынан ерекшелуеу болады. Үлкен кісінің жазуы – мақсатталған іс – әрекетті, мағынаны жеткізу немесе оны шоғырландыру. Оның жазу үрдісі тұтастықпен, байланыстылықпен сипатталады, синтетикалық үрдіс болып табылады. Жазу үрдісі

*Жазу үрдісінің операциялары.* Қолдың машықтандырылған қимыл – қозғалысы ауызша сөйлеу тілінің жазбашаға ауысудың аяққы күрделі үрдісі машықтандырылған және екі жақты бақылау: кинестетикалық және көру бойынша жүреді. болып табылады. Оған аяққы кезеңді даярлайтын күрделі іс – әрекет жәрдемдеседі. Жазу үрдісі көп деңгейлі құрылым, көптеген операциялардан тұрады. Үлкен адамда олар қысқартылған, бүктелген сипатта болады. Жазуды меңгеруде бұл операциялар ашық келбетте болады.

А.Лурия жазудың келесі операцияларын анықтайды. Жазу түрткі, міндеттен басталады. Адам не үшін жазатынын біледі: мәліметті белгілі бір уақытқа сақтауға, басқа адамға жеткізуге, ауызша жоспарлайды.

Бастапқы ой белгілі сөйлем құрылымымен сәйкестендіріледі. Жазу үрдісі кезінде жазып отырған адам сөйлемді жазудың дұрыс реттілігін сақтап, не жазғанынын, не жазатынына байланысты реттеп отыру керек.

Жазылатын әр сөйлем оны құрайтын сөздерге бөлінеді, өйткені жазуда әр сөздің шекаралары белгіленеді. Сөзді дұрыс жазу үшін, оның дыбыстық құрамын, кезектілігін және әр дыбыстың орнын анықтау қажет. Сөздің дыбыстық талдануы сөйлеу – есту және сөйлеу - қимыл – қозғалыс анализаторлардың біріккен іс – әрекеттері арқылы іске асырылады. Дыбыс сипаты мен олардың сөзде кезектілігін анықтауда дыбыс айту маңыздылығына көптеген зерттеулер куә. Л.К.Назарова бірінші сынып оқушыларымен келесі зерттеу жүргізді. Бірінші серияда оларға жазуға қол жетерлік мәтін, екінші серияда қиындығы бойынша ұқсас мәтін дыбысты айтусыз берілді: балалар жазу үрдісі кезінде тілдің ұшын тістеп немесе ауыздарын ашып отырды. Мұндай жағдайда жай жазу кезіндегіге қарағанда, қателерді көбірек жібереді.

Жазу дағдысын меңгерудің бастапқы кезеңдерінде дыбысты айтудың маңызы зор. Ол дыбыс сипатын анықтауға, ұқсас дыбыстардан ажыратуға, сөзде дыбыстардың кезектілігін анықтауға көмектеседі.

Келесі операция – сөзден бөлініп алған фонеманы әріптің белгіленген көру бейнесімен сәйкестендірілуі және ол басқалардан машықтандырылған (әсіресе графикалық ұқсас дыбыстармен) болуы керек. Графикалық ұқсас әріптерді ажырату үшін көру талдау мен жинақтаудың, кеңістік түсініктерінің жеткілікті деңгейі қажет. Талдау мен әріпті салыстыру бірінші сынып оқушысына жеңіл тапсырма бола алмайды.

Одан кейін жазу үдерісінің моторлы операциясы жүреді – қолдың қозғалысы көмегімен әріптің көру бейнесін тудыру. Қолдың қозғалысымен бір уақытта кинестетикалық қадағалау іске асырылады. Әріптерді, сөздерді жазу мөлшеріне қарай кинестетикалық қадағалау көру қадағалаумен бекітіледі, яғни жазылғанда оқумен. Қалыптағы жазу үрдісі белгілі сөздік және сөзсіз функциялардың қажетті деңгейінде ғана іске асырылады: дыбысты естіп машықтану, оларды дұрыс айту, тілдік талдау мен жинақтау, сөздің лексикалық – грамматикалық жағының құрылуын, көріп талдау мен жинақтау, кеңістікте бағдарлау.

Аталған функциялардың кез – келген біреуінің құрылмауы жазу процесінің игерілуінің бұзылуын, дисграфияны тудырады. Дисграфия қалыптағы жазу үрдісін іске асыратын жоғары психикалық қызметтердің толық жетілмеуімен шартталады.

## БАЛАЛАРДА ЖАЗБАША СӨЙЛЕУ ТІЛІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗІНІҢ КАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ДИСГРАФИЯ МӘСЕЛЕСІНЕ ЖАҢАША КӨЗҚАРАС

*Дисграфия туралы түсінік: белгілері, классификациясы*

*Дисграфия* – жазу үрдісінің жартылай бұзылуы. Жазудың бұзылуын белгілеуде, негізінде, дисграфия, аграфия, дизорфография, эволюциялық дисграфия (балладағы оқуды меңгеру үрдісінің бұзылуын белгілеуге) деген терминдер қолданылады.

Дисграфияның негізгі белгісі жазуда кездесіп тұрақты және қайталанып отыратын ерекше қателер болып табылады. Ондай қателерді төмендегідей топтастыруға болады: әріптерді алмастыру және шатастыру, сөздік дыбыстық, буындық құрамының бұзылуы, сөйлемде сөздердің бірге жазылуы, аграмматизмдер. Сонымен қатар дисграфияда сөзсіз функциялардың бұзылуының белгілері де байқалады.

И.Н. Садовникованың [2] жазудағы қателерді толық анықтап жүйелеу және түзету жұмыстарын тиімді ұйымдастыру үшін ерекше қателерді деңгейлік принципке сүйеніп талдау қажет деп есептейді. Соның негізінде ерекше қателерін үш топқа бөледі:

- әріп және буын деңгейіндегі қателер;
- сөз деңгейіндегі қателер;
- сөйлем деңгейіндегі қателер.

Әріп және буын деңгейіндегі қателер

Бастауыш сынып оқушыларының жазуында жиі кездесетін қателер әріпті немесе буынды тастап кетуі (түсіп қалуы) мысалы, *қармақ – қрмақ, балапан – бапан, тырна – трна*. Сөздегі екі немесе одан да көп әріптердің түсіп қалуы дыбыстық талдаудың күрделі түрде бұзылуының салдарынан болады да, сөздің құрамының мүлдем бұзылуына әкеліп соғады. Мысалы, *қант – ұт, қуыршақ – қуырша*.

Әріптер мен буындардың орнын ауыстыру сөздегі дыбыс кезектілігін анықтап талдау қиыншылықтарының салдарынан болады. Сөздің буындық құрамы сақталуы мүмкін (*пенал – пелан, қран - канр*)

Әріптерді қосып жазу (артық әріпті қосу). Мысалы, *шалбар – шы-албар, шалбыар, бақшада – бакшыада, құрт- қуырт*. Мұндай қателер жазу кезіндегі сөзді іштен жай айтып атырған кезде қосымша дыбыстар естілуінің салдарынан байқалады. Мысалы, бала «бақшаға» сөзін жазу кезінде сөздегі әріптерді іштен айтып отырып жазады, және

әріптерді баяу айтады, сонда «Ш» әрпін жазғанда «ШЫ» бірнеше рет айтып қайталайды. Жазуда жиі кездесіп жүрген қателер сөздегі әріптердің қайталанып жазылуы. Мысалы, (Аарман, Шшана, Оорман). Мұндай қателер бірінші сыныпта сауат ашу кезеңіндегі балалардың графомоторикалық дағдыларын механикалық бекіту нәтижесінде байқалуы мүмкін. Егер де қосып жазуда кездесетін қателерді (қуырт, бақшы, аға, Аарман) салыстырып қараса олардың себептері әр түрлі екенін байқауға болады, соған байланысты түзету жұмысының бағытында өзгеше болуы тиіс. Жазуда кездесетін жиі қателер - әріптерді алмастыру болып табылады. Оқушы сөз құрамындағы дыбыстарды бөліп айта алғанымен, оны белгілейтін керекті әріпті таңдап сәйкестендіре алмайды. Ондай қателер төмендегдей жағдайларда байқалуы мүмкін:

- фонема мен графиканы сәйкестендіре алмаған жағдайда;
- акустикалық – артикуляциялық жағынан ұқсас дыбыстарды анық ажырата алмаған жағдайда;

Жазылу ұқсастығы бойынша ұқсас әріптерді ажырата алмаған жағдайда;

Бір әріпті екінші әріппен тұрақты алмастырмауы сирек кездеседі. Көбінесе әріптерді шатастыру байқалады, онда жазуда бір әріп бірде дұрыс, бірде қате белгіленеді. Шатастырудың үш түрі байқалады:

- Акустикалық – артикуляциялық;
- Оптикалық;
- Кинестетикалық ұқсастық бойынша шатастыру.

#### *Персеверация, антиципация*

Бұл қателер де фонематикалық есту қабілетінің жеткіліксіз даму салдарынан болады. *Персеверация* (тұрып қалу, тұтығып қалу) мысалы, сөзде: *магазин – магазим, балапан – балапап*; сөз тіркестерде: *кішкентай күшік- кішкентай күкік*; сөйлемде; *апа балапанға тары шашты*.

Бұл қателер де фонематикалық есту қабілетінің жеткіліксіз даму салдарынан болады.

*Антиципация* - алдын алу (келесі сөзде кездесетін әріпті, буынды алдын ала жазу) мысалы, *жаңбыр жауды - жабдыр жауды; балапан - бапапан*. Бұл аталған екі түрлі қателер қозу процесінің әлсіз дифференциялауының әсерінен болады.

#### *Сөз деңгейіндегі қателер.*

Сөз деңгейіндегі қателерге:

- Сөз бөлектерінің бөлек жазылуы;
- Бірге жазылуы;
- Контаминация жатады.

Сөз бөлшектерінің бөлек жазылуы мынандай жағдайларда кездеседі:

- сөздің бірінші әрпі, буын орыс тіліндегі қосымша сөздер, приставкаға ұқсас болғанда (мысалы и – дут, на – чалось т.б);
- артикуляциясы ұқсас емес екі дыбыс қатар келгенде (ұршық, кірпі)

Контаминация дыбыстың талдау процесінің дөрекі бұзылуы салдарынан туындайды. Ондай жағдайда сөзді немесе сөйлемді түсіну мүмкін болмайды. Мысалы, *сабақ басталды – «сббст»*

Сөйлем деңгейіндегі қателерге аграмматизмдер деп аталатын қателер жатады, яғни:

- сөйлем мүшелерінің байланысының бұзылуы;
- септік жалғауларды дұрыс пайдалана алмауы;
- орыс тілінде қосымша сөздерді дұрыс қолданбауы;
- сөйлемнің шегін анықтай алмауы.

Сонымен И.А.Садовникова жазудағы қателерді төмендегідей жүйеледі:

Жазудағы ерекше қателер:

Буын және әріп деңгейіндегі қателер:

- Әріпті, буынды тастап кету;
- Алмастыру;
- Шатастыру;
- Қосып жазу;

Сөз деңгейіндегі қателер:

- Сөзді бөліп жазу;
- Сөздерді бірге жазу;
- Контаминация;

Сөйлемдеңгейіндегі қателер:

- Сөйлем шегін айырмау;
- Аграмматизм (сөйлемдегі сөздердің байланысының бұзылуы)

Жазбаша сөйлеу тілінің бұзылуына арналған арнайы әдебиеттерде осы кезеңге дейін терминологиялық жағына және ауытқушылардың себептеріне, жазудың бұзылуының анықтамасына байланысты бірдей көзқарас қалыптаспаған, сондықтан әртүрлі авторлардың жұмысында дисграфияға әртүрлі анықтама беріледі.

Қазіргі кезеңдегі зерттулер және көп жылғы өзінің бақылау, жұмыс тәжірибе негізіне сүйене отырып А.Н.Корнев дисграфияға сөйлеу тілінің жеткілікті дамуына қарамастан графикалық ережелерге сәйкес жазу дағдыларын меңгере алмауын – дисграфия деп атау қажет».

«Дисграфия – жазуда әріпті алмастыру, сөздің дыбыстық – буындық құрамының бұзылуы, сөйлемде жеке сөздердің бірге жазылуы, аграмматизмдерді тұрақты және қайталанып келетін қателермен сипатталатын жазу үрдісінің жартылай бұзылуы.

*Дисграфияның классификациясы* түрлі критерийлер негізінде іске асырылады: бұзылған анализаторларын, психикалық функцияларының бұзылуы, жазу операцияларының қалыптаспағандығын ескеру.

О.А. Токарева дисграфияның үш түрін бөледі: *акустикалық, оптикалық, моторлы*.

*Акустикалық дисграфия* кезінде естіп – қабылдаудың ажыратылымдығының дыбыстық талдау мен жинақтаудың жеткілікті дамымауы байқалады. Артикуляциясы және дыбысталуы бойынша ұқсас әріптерді жиі тастап кету, алмастыру, сонымен қатар жазба жұмыстарынан дыбыс айтудың бұзылысы айқын көрінеді. Оптикалық дисграфия көру әсері мен бейнелердің тұрақсыздығымен байланысты. Жеке әріптер түрліше қабылданады. Көріп қабылдауы нақты болмағандықтан, олар жазуда алмасады. Көбіне келесі қол жазба әріптерді алмастыру жиі кездеседі:

П – Н, П-И, У-И, Ц- Щ,,

Ш- И,М- Л, Б-Д,П-Т,

Н-К.

Оптикалық дисграфияның ауыр түрінде сөздерді жазу мүмкін емес. Бала тек жеке әріптерді ғана жаза алады. Әсіресе солақайларда айналы керісінше бейне жазу орын алады, ондай жағдайда әріптер бөлшектері оңнан солға қарай жазылады.

Моторлы дисграфия оған жазу кезінде қол қимыл – қозғалысының қиындығы, сөздің дыбыстық және көру бейнелері мен моторлы бейнелерінің бұзылысының бұзылысы тән.

М.Е.Хватцев бөлген дисграфия түрлерінде жазу бұзылысына деген қазіргі түсініктерді қанағаттандырмайды. Оларды қарастырайық:

1. Акустикалық агнозия мен фонематикалық естуінің дефектісі салдарынан болған дисграфия. Мұндай түрде көшіріп жазу сақталып, ауызша сөйлеу тілі бұзылған болады. Бұзылыстың физиологиялық механизмі көру мен естудің арасындағы бірлескен байланыстың бұзылысы болып табылады, мұнда тастап кету, орын ауыстыру, әріптерді алмастыру, екі сөздің бір сөзге бірігуі, сөздерді тастап кету т.б қателер байқалады.

Бұл түрдің негізінде сөздің дыбыстық құрамын естіп қабылдауының дифференциясының жоқтығы, фонематикалық талдаудың жеткіліксіздігі жатыр. Автор ақиқат бойынша жазу бұзылуының екі түрлерін

қосады: дыбыс дифференциясының және фонематикалық талдау мен жинақтаудың бұзылысымен байланысты.

Ауызша сөйлеу тіл бұзылысы салдарындағы дисграфия (графикалық тілге шорқақтық) М.Е.Хватцевтің ойы бойынша ол дыбысты бұзып айтудың салдарынан пайда болады. Бір дыбысты басқа дыбыспен алмастыру, дыбыс айтуда кейбір дыбыстардың болмауы жазуда алмастыру мен тастап кетулерге әкеледі. М.Е. Хватцев «тілге шорқақтықты бастан кешіруі» салдары деп бөледі. Дыбыс айту күрделі болса, жазуда да түрлі қателер болады.

Дыбыс айту ритмінің бұзылысы салдарынан пайда болған дисграфия. М.Е. Хватцевтің көзқарасы бойынша дыбыс айту ритмінің бұзылысы салдарынан жазуда дауыстылар, буын, жалғаулардың тасталып кетуі байқалады. Бірақ көрсетілген қателер фонематикалық талдау мен жинақтаудың немесе сөздің дыбыстық – сөздік құрамының бұзылысымен негізделген болуы мүмкін.

Оптикалық дисграфия. Бас миындағы оптикалық сөйлеу тіл жүйесінің бұзылысы немесе жетілмеуінен пайда болады. Әріптің, сөздің, көру бейнесінің қалыптасуы бұзылады. Вербальды дисграфия кезінде оқшауланған әріптердің жазылуы сақталған болып табылады, бірақ сөздің көру бейнесі қиындықпен қалыптасады, бала сөзде көп қате жіберіп жазады. Оптикалық дисграфия кезінде бала қол жазбалы графикалық ұқсас әріптерді ажырата алмайды: п-н, п-и, с-о, и-ш, л-м.

Моторлы немесе сенсомоторлы афазия кезіндегі дисграфия сөз, сөйлем құрылымының бұзылысы, алмасуында байқалады және бас миының органикалық бұзылысы салдарынан ауызша сөйлеу тілінің жоқтығымен негізделеді. Дисграфия келесі түрлерге бөлінеді: артикуляторлы – акустикалық, фонемді тану (фонемді ажырату) бұзылысы негізіндегі тілдік талдау мен жинақтау бұзылысының салдарындағы, грамматикалық және оптикалық дисграфия.

Артикуляторлы – акустикалық дисграфия М.Е.Хватцевтің бөлген ауызша сөйлеу тілінің бұзылысы салдарынан болған «жазудағы тілге шорқақтық» дисграфиясына ұқсас. Бала қалай айтса, солай жазады. Артикуляторлы – акустикалық дисграфия әріптерді алмастыру, тастап кету мен сипатталады.

Көбіне дизартрия ринолалия полиморфты сипаттағы дислалияда байқалады. Кейде ауызша сөйлеу тілінде алмастыруды жойғанымен, жазуда олар қалып қояды. Мұндай жағдайда іштен оқуда дұрыс артикуляцияға жеткілікті сүйеу жоқ, өйткені әлі дыбыстардың нақты кинестетикалық бейнелері қалыптаспаған деп болжамдауға болады.

Фонемді тану бұзылысы негізіндегі дисграфия (фонемді дифференциялау). Қалыптасқан терминология бойынша, бұл – акустикалық дисграфия. Фонетикалық жақындығы бойынша сәйкес әріптерді алмастыру байқалады. Өйткені, ауызша сөйлеу тілінде дыбыстар дұрыс айтылады. Келесі дыбыстарды білдіретін әріптер алмастырылады: ысқырық және ызың, аффрикаттармен солардың құрамындағы компоненттер (ч-т, ч-щ, с-т, с-ц). Көбіне дауыстыларды (мысалы о,у) алмастыру кездеседі.

Зерттеушілердің (И.А. Зимняя, Е.Ф.Соботович, Л.А.Чистович) ойлары бойынша фонемді танудың көп деңгейлі үрдісі түрлі операциялардан тұрады:

1) Қабылдау кезінде сөйлеу тілінің есту талдануы іске асырылады.

2) Акустикалық бейне артикуляторлы шешімге ауысады, ол проприоцептивті талдаумен, кинестетикалық қабылдау мен түсінікпен қамтамасыз етіледі.

3) Есту және кинестетикалық бейнелер шешімді қабылдауға керекті уақытқа тежеленеді.

4) Дыбыс фонеммен сәйкестендіріледі, фонеманы таңдау операциясы жүреді.

5) Есту және кинестетикалық бақылау негізінде бейнемен бірігіп жүреді, одан кейін соңғы шешім қабылданады.

Дұрыс жазу үшін, ауызша сөйлеу тіліне қарағанда дыбыстарды ажыратуға есту қабілетінің жете дамығандығы керек. Ақыл – ойы кем балалар жазуын зерттеген басқа авторлар (Е.ф.Соботович, Е.М.Гопиченко) әріптерді алмастыруда, балалар фонемді тануда дыбыстардың артикуляторлы белгілеріне сүйенеді және сонымен бірге есту бақылауын сезінбейді дегенмен байланыстырады.

Дұрыс жазу үшін барлық фонемді ажырату мен таңдау операцияларының жеткілікті деңгейі қажет кез – келген бір түйіннің бұзылысы (есту, кинестетикалық талдау, фонемді таңдау, операциялары, есту және кинестетикалық бақылаудың ) жалпы фонемді танудың барлық үрдісі қиынға түседі, ол жазуда әріптерді алмастыруда байқалады. Сондықтан фонемді тану операцияларының бұзылыс есебімен бұл дисграфия түрінің келесі түрлерін бөлуге болады: акустикалық, кинестетикалық, фонематикалық.

Тілдік талдау мен жинақтау бұзылысы салдарындағы дисграфия. Оның негізінде түрлі тілдік түрлердің талдауы мен жинақталуының бұзылысы жатыр: сөйлемдерді сөздерге бөлу, буындық және фонетикалық талдаулар мен жинақтау. Фонематикалық тілдік талдаудың күрделі түрі.



Оған келесі қателер жатады: дауыссыздар қатар келген жағдайда тастау; дауыстыларды тастау; әріптерді алмастыру, қосу, тастап кету. Жазуды дұрыс меңгеруде оқушы фонематикалық талдаудың ішкі жоспарында қалыптастыруы керек. Сөйлемдерді сөздерге бөлу кезінде сөздердің бірге жазылуы кездеседі, жалғауларды бөлек жазылуда кездеседі. Фонематикалық талдаудың бұзылуынан пайда болған жазудың бұзылуы туралы Р.Е.Левина, Н.А.Никашина, Д.И.Орлова, Г.В.Чиркина еңбектерінде көрсетілген.

Аграмматикалық дисграфия. Р.Е.Левина, И.К.Колпаковская [12], Л.И.Лалаева, С.Б. Яковлеваның еңбектерінде сипатталған. Ол сөйлеу тілінің грамматикалық жағының дамымауымен байланысты (морфологиялы, синтаксистік жалпылау). Мұндай дисграфия түрі сөз, сөйлем, мәтін деңгейінде көрінеді, сонымен қатар лексикалық – грамматикалық дамымауының құрамды бөлігі болып саналады. Олар көбіне дизартрия, алалия, ақыл – ойы кем оқушыларда кездеседі. Байланыстырып жазуда балаларда сөйлем арасында логикалық және тілдік байланысынан қиыншылықтары туындайды. Жағдайды бейнелеуде сөйлемдердің реттілігі кейде сәйкестендірілмейді, бөлек сөйлемдердің мағыналық және грамматикалық арасындағы байланыстары бұзылады.

Оптикалық дисграфия. Көру гнозисінің, талдау мен жинақтауда, кеңістікте бағдарлаудың дамымауымен байланысты, жазуда әріптің алмасуы және шатастыруы бейнеленеді. Көбінесе графикалық ұқсас қол жазбалық әріптер алмастырылады: бір элементтен тұратын, бірақ кеңістікте әртүрлі орналасатын (в-д, т-ш); бірдей элементті қосымша элементтермен ажыратылатын (и-ш, п-т, х-ж, л-м,); әріптердің керісінше көріністе жазылуы («с», «э»), бірдей элементті құрайтын, әріптерді бір – біріне қосуда элементтерді тастап кету (ау – «ау»), артық (ш- «ш») және элементтерді дұрыс орналастырмауы (х- «сс», т-«пп»)

Литеральды дисграфия кезінде оқшауланған әріптерді тану мен айтудың бұзылыс байқалады. Вербальды дисграфия кезінде оқшауланған әріптер дұрыс айтылып, бірақ сөзді жазғанда бұзылыстар, оптикалық сипаттағы дыбыстарды алмастыру байқалады.

И.П.Корнев жазудың ерекше бұзылу жүйесін толықтырып дисграфияны төмендегідей түрлерге бөледі:

### **Паралаликалық дисграфия**

Көптеген дыбыстардың бұзылуы. Дыбыстардың алмасуы, бұзылуы мен қатар шатастыру кездеседі. Дыбыс айту қиыншылықтары сөздің буындық құрамының бұзылуына әкеледі (буынды, дыбысты тастап кету, орнын алмастыруыға) көп жағдайда бала өзі дұрыс айтатын ды-

быстарды да алмастырып, шатастырады. Ондай балалардың көбінде зейіні нашар, бір нәрсеге көңілін тоқтата алмауы байқалды. Вербальды логикалық қабілеті төмен ырғақтылықты қайталауы қиын, қолдың ұсақ бұлшық еттері әлсіз кездеседі.

### **Фонемді тану бұзылысы негізіндегі дисграфия**

Ауызша тілі мөлшерде дамыған балалардың жазуында акустикалық – артикуляциялық ұқсас дыбыстарды (с-з, с-м, т.б) шатастырумен қос әріпті тастап кету, орфографиялық қателер жиі кездеседі. Жұмысты жасау қабілеті төмен. Дыбыстық талдауы нашар. Сөзқоры кедей, интеллектуалды дамуы төмен. Ұқсас оппозициялық буындарды (ла - ба, са – за т.б) қайталағанда көп қателеседі. Ырғақтылықты, сан ретін қайталауда қиындық байқалады. Контрасты буындарды буындарын қайталағанда қиналмайды.

Тілдік талдау мен жинақтау бұзылысы саладарындағы дисграфия

Жазуда әріпті, буынды тастап кету, орын алмастыру жиі кездеседі. Мәтінді сөйлемге бөлуі бұзылады.

Танымдық процестері жетілмеген. Ерікті зейін қойып, бір нәрсеге көңіл бөлуі нашар. Талдауды тек айтып отырып қана орындай алады.

Ол сөздегі дауысты дыбыстарды дұрыс анықтау мүмкіншілігін төмендетеді, соның салдарынан жазуда дауысты дыбысты тастап кету қателері жиі кездеседі.

### **Диспраксиялық дисграфия**

Негізгі белгісі – әріптің графикалық белгісін меңгере алмауы. Жазудағы қателер: жазуы ұқсас элементтері бар әріптер (л- м, и-у, п-т, д-б, х-ж, и-ш) алмастыру, элементтерді жазбай тастап кету; оптикалық ұқсас әріптерді (т- ш, в-д, и-п, з-е) сирек шатастырады саусақ праксисі бұзылған. Бір қимыл түрінен екінші түріне бәсең жазуда әріптерді алмастыру қимыл стеротиптің салдарынан болады.

Баланың психикалық дамуының кешеуілдеуінің, зиятының бұзылуы, педагогикалық қараусыз қалу салдарынан жазудың бұзылуын автор ерекше (спецификалық, яғни дисграфикалық) қателер жатқызбайды. И.Н. Садовникованың айтуынша «жалған дисграфия».

## **ДЫБЫСТЫҚ ТАЛДАУ МЕН ЖИНАҚТАУ ДАҒДЫЛАРЫНЫҢ БҰЗЫЛУЫ САЛДАРЫНАН БОЛҒАН ЖАЗБАША СӨЙЛЕУ ТІЛІНІҢ БҰЗЫЛЫСЫН ТҮЗЕТУ-ЛОГОПЕДИЯЛЫҚ ЖҰМЫСЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ**

Қазіргі кезде бастауыш сынып мұғалімдері оқушылардың жазуындағы бұзылыстар мәселесімен жиі кездеседі. Балалар әріптерді тастап кетіп, шатастырады, айнада көрінгендей етіп жазады немесе сөзде қажетсіз әріптерді қосып жазады. Мұғалімдер көбінесе оқушылардың мұндай қателерін олардың зейінінің тұрақсыздығы немесе жалқаулығымен байланыстырады, орфографиялық және леп белгілері сияқты қателерге жатқызып тоқсан соңында «екі» қояды. Ал оны арнайы мамандар ғана түсініп, кейін олардың салдарынан баланың жазбаша сөйлеу тілі бұзылатынын атап, ұзақ уақытқа созылатын түзету жұмысы қажет екені туралы айтады.

Жазуды меңгерудегі қиындықтар I сыныпта-ақ белгілі болады. Көрсеткіштері болып мыналар табылады: әліпбидің әріптерін нақты танымауы, дыбысты әріпке немесе керісінше айналдырудағы қиындықтар, баспа графеманы жазу белгісіне ауыстырудағы қиындықтар, дыбыстық талдау мен жинақтаудағы қиындықтар. Келешекте жазу процесінің қалыптасуы бұзылады. Балалар жазбаша және баспа әріптерді оптикалық және моторлық белгілері бойынша шатастырады, бірнеше сөзді бір сөз етіп қосып жазады немесе сөздерді бөліктерге бөледі. Егер балаға аталған қателерді түзетуге бағытталған көмек уақытылы көрсетілмесе, екінші сынып соңында олар дисграфияға әкеліп соғуы мүмкін.

Жазбаша сөйлеу тілі бұзылыстары мәселесі мектепте өте өзекті болып отыр, оған жалпы білім беретін мектеп оқушылары арасындағы дисграфияның кеңінен таралуы және оны түзету себепші. Осы себептен біз зерттеу жұмысының тақырыбын аталмыш мәселеге арнап отырмыз. Сонымен қатар, зерттеу жұмысында құрастырылған тілдік талдау мен жинақтау дағдыларының бұзылуы салдарынан болған жазбаша сөйлеу тілінің бұзылысын түзету-логопедиялық жұмыстың негізгі бағыттары мұғалім-логопед мамандардың осы балалармен логопедиялық жұмысты бағытты ұйымдастыруына септігін тигізеді.

Сөйлеу тілі адамның маңызды психикалық функциясы болып табылады. Сөйлеу тілін меңгергенде бала қоршаған ортаны жалпылай қабылдауға, өзінің тәртібін жоспарлап реттеуге қабілеттенеді.

Ауызша сөйлеу тілінен жазбашаның айырмашылығы: ол бағытталған оқыту нәтижесінде ғана қалыптасады, яғни механизмдері саут ашуға үйрету кезеңінде қалыптасып келешектегі оқытуда жетіледі.

Толыққанды оқу әрекетінің қалыптасуы тек сөйлеу тілінің жағары деңгейде дамуында ғана және тіл құралдарының қалыптасу деңгейінің жеткіліктілігінде және сол құралдарды қарым-қатынас мақсатында қолдана білгенде мүмкін болады. Сөйлеу тілі дамуының ауытқулары қарым-қатынасты қиындатады, таным әрекеттерінің дұрыс қалыптасуына кері әсерін тигізеді, оқу мен жазуды және соның салдарынан мектепте қажетті дағдылар мен білімдерді меңгеруді қиындатады. Жазу мен оқу бұзылыстарының мәселесі мектептегі оқыту тәжірибесінде жетекші орынға ие. Ол өз кезегінде балаларда толыққанды оқу әрекетінің қалыптасуына кері әсерін тигізеді. Мектепке дейінгі жаста түзету жұмысы уақытылы ұйымдастырылатын болса ауызша сөйлеу тілі деңгейіндегі ақауларды азайтуға мүмкіндік туындайды. Балалардың негізгі саны тіл кемшіліктері бар балаларға арналған арнайы балабақшалардан дайындықпен келеді (фонетикалық-фонематикалық процестер мен тілдің лексикалық-грамматикалық құрылымын қалыптастыру жұмыстары жүргізілген) Алайда, сөйлеу тілінің жалпы дамымауымен күрделенген фонетикалық, фонематикалық және лексикалық-грамматикалық құралдардың толық жетілмеуі жазуды, сөздің дыбыстық-буындық құрамын меңгерудегі әлсіздіктерге соқтырып, олардың салдарынан фонематикалық талдау мен жинақтауды меңгерудегі қиындықтарға әкеліп жатады. Сөз қорының аздығы сөздің семантикасын меңгерудегі қиындықтарға, оның салдарынан сөздерді түсіну мен қолданудағы қиыншылықтар болады.

Осындай балаларды оқыту тәжірибесі бастауыш сыныптарда жазбаша сөйлеу тілінің бұзылысын түзету мен алдын алу жұмысының қажеттілігі мен өзектілігін ашып отыр.

Соңғы жылдары балалардың 70 – 80 % бастауыш сыныптардың бағдарламасын игеруде қиындықтарға тап болады, 6-7 жасар оқушылардың 45% -ында жазбаша сөйлеу тілінің бұзылуының алғышарттары байқалады, яғни балалар ана тілін оқыған кезде үлгермеушілігі байқалуы әбден мүмкін деуге болады.

Осыған орай, түзету жұмыстарын неғұрлым ерте бастау маңызды, себебі, айқындалған бұзылыстардың алғышарттары ана тілін оқудағы

қиындықтармен қатар, келешектегі оқуына да кері әсер етуі мүмкін. Осыған байланысты бала тұйық, қорқақ және өзін бағалауы төмен болуы мүмкін. Ол өз кезегінде өзінің құрдастары мен ересектермен қарым-қатынасқа түсуін қиындатады. Мектеп бітірген соң балада кәсіби жарамсыздық сияқты қиындықтар болуы да мүмкін. Кіші мектеп оқушыларының жазбаша сөйлеу тілінің бұзылыстарын зерттеу мәселесіне назар аударып, өз үлестерін қосқан ғалымдар: ресейлік Р.И. Лалаева, И.Н. Садовникова, И.Н. Ефименкова, Г.Г. Мисаренко, А.Н. Корнев, Ф.А. Рау, О.А. Токарева, Р.Е. Левина; қазақстандық: Өмірбекова Қ.Қ. Мовкебаева З.А., Денисова И.А. т.б [1-2].

Алайда, жалпы білім беретін мектептеріндегі оқушыларда жазбаша сөйлеу тілі бұзылыстары кездескенімен, түзету жұмыстары жүргізілмейді, ол мектептердің барлығында логопедиялық пункттер ашыла қоймаған, сондықтан бастауыш сынып оқушылары жазбаша сөйлеу тілінің бұзылыстарын түзетуге қатысты мұғалім-логопедтердің жеке кеңестерімен ғана шектеліп жатады да, ал қосымша ешқандай сабақтар жүргізілмейді.

Жоғарыда айтылғанды ескеріп, бастауыш сынып оқушыларының жазбаша сөйлеу тілі бұзылыстарының ерекшеліктеріне қарай, оларды түзету бойынша мұғалім-логопедтерге және бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған ғылыми негізделген түзете-дамыту жаттығулар кешенін (әдістемелер, ойындар, тапсырмалар) құрастыру қажет.

Жазбаша сөйлеу тілі бұзылыстары себептері: зиянды заттардың әсерінен немесе тұқым қуалаумен күрделенген жазу процесі үшін маңызды функционалды жүйелердің қалыптасуындағы тежелулер; органикалық генезді ауызша сөйлеу тілінің бұзылыстары; бас ми жартышарларының функционалды асимметриясының (латерализация) қалыптасуындағы қиындықтар; баланың өз денесінде бағдарлауындағы қиындықтар.

Дисграфия кеңістік пен уақытты қабылдап, оларды бағдарлаудағы кезектілікті талдап, белгілеудің бұзылыстарының салдары болуы мүмкін. Оның пайда болуына аффективті бұзылыстар себепші.

Жазбаша сөйлеу тілі бұзылыстарының пайда болуы көптеген ғылыми еңбектерде қарастырылғанына қарап, аталмыш мәселенің күрделілігі туралы тұжырым жасауға болады.

Жазбаша сөйлеу тілі бұзылыстарының балаларда пайда болу себептері нақты А.Н. Корневтің еңбектерінде қарастырылған. Ол аталмыш бұзылыстар баланың ерте онтогенездегі дамуына патогендік факторлардың және микро- макроәлеуметтік жағдайлардың әсер етуінен

болады деген. Өз кезегінде жазбаша сөйлеу тілі бұзылыстарының этиологиясында автор құбылыстардың үш тобын бөледі.

1 топ – конституционалды алғышарттар: бас ми жартышарлар қызметінің қалыптасуының жеке ерекшеліктері, баланың ата-анасында жазу бұзылыстарының болуы, туыстарының психикалық ауырулары.

2 топ – пренаталды, наталды және постнаталды даму кезеңдеріндегі зиянды әсерлермен күрделенген энцефалопатиялық бұзылыстар.

3 топ – әлеуметтік және қоршаған ортадағы жағымсыз факторлар. Олардың жазбаша сөйлеу тілі бұзылыстарының патогенезіне тигізетін әсері күрделі болуы мүмкін. Ондай факторларға мыналарды жатқызуға болады:

- баланың жетілуі мен сауат ашуға үйретуді бастау уақытының сәйкес келмеуі;

- сауаттылық талаптарының деңгейі мен көлемінің бала мүмкіндіктеріне сәйкес келмеуі;

- баланың жеке ерекшеліктеріне оқытудың әдістері мен темптерінің сәйкес келмеуі.

Дисграфияның механизмі болып табылатыны:

- Сенсомоторлы операциялардың қалыптаспауы (әріптерді көріп-кеңістікте талдау мен сөздерде жазылуы).

- Тілдік операциялардың фонематикалық, морфологиялық және синтаксистік деңгейлерде өалыптаспауы.

- Зейін, есте сақтау, сукцессивті және симультивті процестердің бұзылуы.

- Эмоция- ерік аясының бұзылуы (ЗТГБС- зият тапшылығы мен гипер белсенділік синдромы).

Р.И. Лалаева, дисграфиядағы қателерді сипаттап, заманауи логопедиялық теорияға сәйкес, оның келесідей ерекшеліктеріне тоқталады [13]. Дисграфиядағы қателер тұрақты және ерекше сипатқа ие, соған орай оларды жазуды меңгеріп бастап жатқан кіші сынып оқушыларының қателерінен айыруға болады. Дисграфиялық қателер сөйлеу тілінің лексикалық-грамматикалық жағының қалыптаспауымен, оптика-кеңістіктік функциялардың жетілмеуімен, балалардың фонеманы естіп ажыратудағы және айтудағы қабілеттерінің аздығымен, сөйлемдерді талдау, фонематикалық және буындық талдау мен жинақтау жасаудағы қиындықтармен сипатталады. Әр ғалым дисграфиядағы қателер түрін әртүрлі бөліп атайды.

Мысалы, Р.И. Лалаева дисграфиядағы мынандай қателер топтарын атайды [14]:

- әріптерді бұрмалап жазу;
- фонетикалық ұқсас дыбыстары белгілейтін және графикалық ұқсас жазба әріптерді ауыстыру;
- сөздің дыбыстық-әріптік құрамын бұрмалау (алмастыру, тастап кету, қосып жазу, әріптер мен буындардың персеверациясы);
- сөйлем құрамын бұрмалау (сөзді бөліп жазу, сөздерді қосып жазу, сөздердің контаминациясы);
- жазудағы аграмматизмдер.

Аталған қателерді Р.И. Лалаева дисграфияның кез келген түрімен сәйкестендіреді [15].

Жоғарыда көрсетілген дисграфияның белгілері сөзге қатысты. Дисграфия сонымен қоса, сөзсіз симптоматикамен де белгіленуі мүмкін (неврологиялық бұзылыстар, таным әрекеттерінің бұзылуы, қабылдау, есте сақтау, зейін, психикалық бұзылыстар).

Балалардың жазбаша сөйлеу тілі бұзылыстарын зерттеу және түзету мәселесі қазіргі уақытта логопедияның өзекті міндеттерінің бірі болып табылады. Жыл сайын бастауыш сынып оқушыларында аталған бұзылыстар жиілеп, көбеюде. Мектеп логопедінің негізгі міндеті, оқушының жазу және оқу бұзылыстарын уақытында анықтап, түзетіп, алдын алу шараларын ұйымдастыру болып табылады.

Көптеген авторлар дыбыстық талдау мен жинақтау дағдыларының қалыптаспауы салдарынан болған жазбаша сөйлеу тілінің бұзылыстары әріп, буын, сөз, сөз тіркестері, сөйлем, мәтін деңгейлерінде байқалатынын айтады. Олар:

- әріптерді тастап кету, қосып жазу, сөздердің фонетикалық толықтырылуын бұрмалау: персеверация (қайталау) мен антиципация (келесі әріптерді алдындағылармен алмастыру); сөздерді қосу, алмастыру, тастап кету, қайталау;
- сөздердің бөліктерін (буындарын) бөліп жазу, сөздерді бір біріне қосып жазу, контаминация (сөздердің элементтерін араластыру), сөздерді қосып, тастап кетіп, қайталап жазу;
- сөйлемдердің сандық және сапалық құрамының бұзылуы; сөйлемдердің шекарасының жоқтығы немесе бұзылуы.

Осындай қателер тұрақты сипатқа ие, әрі жазу бұзылыстарымен қатар оқудың сапасының төмендеуіне де әкеп соғуы мүмкін. Аталмыш бұзылысты түзету мен алдын алу үшін жоспарлы және кезектіліктегі түзету жұмысы қажет.

Нұсқаудың мақсаты дыбыстық талдау мен жинақтау дағдыларының бұзылуы салдарынан болған жазбаша сөйлеу тілінің бұзылысын

түзету-логопедиялық жұмысының ғылыми-әдістемелік жүйесін құрастыру. Ол жүйені құрастыру үшін дыбыстық талдау мен жинақтау дағдылары, оның бұзылуы салдарынан болған жазбаша сөйлеу тілінің бұзылысы, оны түзету-логопедиялық жұмысы туралы зерттеулерге сүйеніп, анықтамасын белгілеп, ондай балалармен түзету жұмысында қолданылатын әдістемелер жөнінде шолу жасайық.

Мектептегі оқу пәндерін меңгеру қиындықтары мектептегі дезадаптацияның, оқуға деген мотивациясының шұғыл төмендеуінің рның салдарынан тәртібінің бұзылуының себебі болып табылады. Олардың ішінде кең таралғаны жазу мен оқуды меңгеру болып табылады.

Жүз жылдан астам уақыт бойы жазу мен оқу бұзылыстары туралы ілім белгілі, алайда осы уақытқа дейін оларды түзету, алдын алу мәселелері өзекті болып қалып отыр.

Балалардың дисграфиясы – бұл сөйлеу тілінің жүйелі жетілмеуінің және сөзсіз функцияларының белгісі болып, олар өз кезегінде бастауыш сыныптарда кездесетін жазуды меңгеру; сөйлеу білігі, дағдыларды меңгеру сияқты; жоғары сыныптарда қазақ тілін оқыту кезеңдерінде-морфология мен синтаксисті оқудағы қиындықтарға әкеледі. Соңғы уақытта дисграфия феноменіне логопедия, психология, нейропсихология салаларының зерттеушілері қызығушылық танытуда. Е.А. Логинованың [16], мәліметтері бойынша /2004/, ғалымдардың осы мәселеге қызығушылығы көптеген факторларға байланысты: бірінші сынып оқушыларында жазуды меңгерудегі қиындықтары және олардың келешектегі уақытта тұрақты дисграфияға әкеліп соғуы; уақытылы алдын алу қажеттілігі, жазу бұзылыстарын толық диагностикалау мен тиімді түзету; дисграфияның күрделі механизмі мен пайда болу себептерінің алуан түрлілігі.

Мына авторларды ойынша (В.И. Ляудис пен И.П. Негурэ /1994/ [17]), дисграфияны зерттеуге қызығушылық сынаған байланысты: ол балалардың мектептегі маңызды дағдыны (жазуды) меңгерумен бірге сөйлеу әрекетінің ерекше бұзылысы. Дисграфия сөйлеу тілінің ерекше түрі ретіндегі жазуды меңгеруге кедергі болады. Ал жазбаша сөйлеу тілі- қарым-қатынаспен тәжірибені жалпылау құралы болып табылады да, оқушы тұлғасының интеллектуалды, эмоционалды, ерік аяларын дамытуда маңызды.

Қазіргі кезде И.Н. Садовникова бойынша - 28% /1993/, ал Л.Г. Парамонова бойынша /2001/ - оқушылардың 30%-нда жау бұзылыстары байқалады екен. Бұл цифрлар арнайы логопедиялық, психологиялық-



педагогикалық, қажеті бар жерде медициналықкөмек- жұмысты қажет ететін оқушылардың санының көптігі туралы айтады.

Жазудың тұрақты бұзылыстары зерде дамуы, көру мен есте сақтауы қалыпты; күнделікті өмірде байқалмайтын, бірақ орфография дағдыларын меңгеруде аса қиындықтар туғызатын жеке психикалық процестері қалыптаспаған балаларда да кездесуі мүмкін.

Аталған мәселе бойынша көптеген жылдар бойы жұмыс істеп келе жатқан авторлар Р.Е. Левина [18], М.Е. Хватцев, И.К. Колповская [19], Л.Ф. Спирина, О.А. Токарева, Р.И. Лалаева [20], И.Н. Садовникова, А.В. Ястребова, А.Н. Корнев [20], Л.Г. Парамонова, Қ.Қ.Өмірбекова [21], т.б. Барлық аталған авторлар жазу бұзылыстарының ішінде кең таралған түрі - тілдік талдау мен жинақтау дағдыларының бұзылуы салдарынан болған дисграфия дейді.

М.С. Грушевская (1981, 356) «әліппеге дейінгі кезеңнің ұзақтығының аздығы салдарынан балалардың көбі сөйлеу тасқынын талдаудың күрделі дағдысын меңгеріп үлгермейді. Сондықтан дисграфияның бұл түрі оқушылар арасында кең таралған болып табылады». Н.И. Буковцова дисграфияның бұл түрі тұрақты және түзетуде ұзақ уақытты қажет етеді. Балалардың дыбыстық талдау мен жинақтау дағдыларының қалыптасуын анықтау мақсатында арнайы әдістемелер: Дыбыстық талдау мен жинақтау дағдыларының қалпын тексеру үшін Т.А. Фотекова, Л.Г. Парамонованың [4] әдістемелеріндегі тапсырмалар іріктеліп бейімделді.

- Сөйлемдерді сөздерге бөлу.
- Сөздерді буындарға бөлу.
- Фонематикалық талдау, жинақтау мен түсініктерін тексеру:

1) сөздегі дыбыстың орнын табу (дыбыстың кезектілігі мен орнын анықтау);

2) сөздердегі дыбыстардың санын табу т.б.

Дыбыстық талдау мен жинақтау дағдыларының қалыптасу деңгейін анықтау мақсатында біз Алматы қаласы, «Түзеу үлгісіндегі сөйлеу мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған №66 бөбекжай бақшасы» КММ-де сынақ зерттеу жүргіздік. Сынақты педагог- зерттеу жүргізуші Сағымбаева Г.К. жүргізді. Экспериментке мектепалды даярлық тобының (6-7 жастағы) 19 баласы қатысты.

Дыбыстық талдау мен жинақтау дағдыларының қалыптасу деңгейін анықтау үшін мына бағыттардағы тапсырмалар ұсынылды: фонематикалық, буындық, сөз, сөйлем, мәтін құрамын тексеру.

Ол үшін балаларға арнайы іріктеліп алынған тапсырмалар (қосымша

№2) ұсынылды. Құрылымы және күрделілігі бойынша тапсырмалар арнайы педагогикадағы қағидаларды ескеріп және талаптарға сай алынды.

Балалардың тапсырмаларды орындауын талдау нәтижесінде олар жіберген қателердің ерекшеліктері анықталды.

Балаларды тексеру материалдарын талдау нәтижесінде мыналар анықталды: әрбір тапсырманы орындағанда балалар қателер жіберді: тілдік талдау мен жинақтау қателері.

Балалар тапсырмаларды орындау кезінде селқостық танытып, зейіндері тұрақсыз болып және өздерінің қателерін сезінбеулері байқалды.

Балаларға («Тағы да ойлан») деген сияқты әртүрлі көмек берілді.

Тапсырмаларды орындауларын келесі критерийлер бойынша бағаладық:

3 ұпай – бірден дұрыс жауап бергені;

2 ұпай – екінші реттен дұрыс жауап бергені;

1 ұпай – үшінші реттен дұрыс жауап бергені;

0 ұпай – үшінші реттен қате жауап бергені немесе орындаудан бас тартуы.

Тілдік талдау мен жинақтау дағдыларының қалыптасуын сынақтан өткізуде алынған мәліметтерді талдау барысында анықталды: балаларға ең қол жетімдісі сөздерді буындарға бөлу – сәттіліктің 65 %. Балалар үшін қиынға түскен тапсырмалар - сөздегі дыбыстардың санын анықтау – сәттіліктің 21,6 % .

Балалар үшін ең қиын болғаны сөздегі дыбыстардың санын анықтау Олардың тапсырманы орындау сәттілігі 35-55 % құрады, ол балалардың тілдік талдау мен жинақтау дағдыларының қалыптасуын орташа деңгейіне сәйкес (45–59%).

Тілдік талдау мен жинақтау дағдыларының қалыптасуын анықтау үшін өткізілген сынақ нәтижелерін талдау бойынша мынандай қорытынды шығаруға болады: балаларда тілдік талдау мен жинақтау дағдыларының қалыптасуы орташа деңгейде. Алайда, кейбір балалар орта деңгейден (45%) төмен көрсеткіштерге, орта деңгейге 50%, және жоғары 55% – 59% деңгейдің көрсеткіштеріне ие болды.

Сонымен, тілдік талдау мен жинақтау дағдыларының қателері бүгінгі күні кең таралған болып отыр. Ол баланың мектепке барғанында жазу процесінің қалыптасуын қиындатады, пәндер бойынша үлгермеушілікке әкеліп соғады, оқушылардың оқуға деген кері көзқарасын қалыптастырады және тұлғаның өзін бағалауы мен тұлғалық өсуін төмендетеді.

Біздің жүргізген сынақ нәтижелерін талдау барысында мынандай қорытындыларға келдік: фонематикалық, буын, сөйлем құрамын, мәтіннің құрылымын талдау мен жинақтау дағдыларын тексеруге арналған әдістемелердің ішінен сынақ барысында балалардың тапсырмаларды орындау саны мен сапасына қарай былай орналастыруға болады: жеңіліректері фонематикалық талдау мен жинақтау, кейін - буын, одан соң - сөйлем құрамын талдау мен жинақтауға арналған, мәтіннің құрылымын талдау мен жинақтау қиынырақ. Алайда сынаққа алынған балалардың құрамына қарай, ол тапсырмалардың орындалу деңгейіне қарай ішінен әртүрлі көрсеткіштерді беруі де мүмкін.

Сонымен тілдік талдау мен жинақтауда жіберетін қателер бүгінгі күні кең таралған болып табылып отыр. Олар баланың мектепке барып түскенде жазу процесін меңгеруді қиындатады, басқа пәндер бойынша үлгеріміне кері әсер етеді, оқушыларда оқуға деген теріс көзқарасын қалыптастырады, тұлғаның қалыптасуына теріс әсер етіп, өзін өзі бағалауын төмендетеді.

Талдау нәтижесінде алынған мағлұматтарды негізге алып мыналар айқындалды: бастауыш сынып оқушыларының жазбаша сөйлеу тілінің бұзылыстарының алдын алу мақсатында балалар бақшасының мектепалды даярлық топтарында сөйлеу процестерін анықтап, дұрыс түзетуге бағытталған кешенді логопедиялық тексеру жүргізу қажет екені анықталды.

## **ФОНЕМАТИКАЛЫҚ, БУЫН, СӨЙЛЕМ ҚҰРАМЫН, МӘТІННІҢ ҚҰРЫЛЫМЫН ТАЛДАУ МЕН ЖИНАҚТАУ ДАҒДЫЛАРЫН ТЕКСЕРУГЕ АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛЕР**

Мәтіннің құрылымын талдау мен жинақтауын тексеру:

- 1) Бұрмаланған мәтінді қалпына келтіру.
- 2) Мәтінді толықтыру.
- 3) Тұтас мәтіннен сөйлемдерді бөлу (атау).
- 4) Жеке сөйлемдерден мәтін құрастыру.

1. *Сөйлемнің құрылымын талдау мен жинақтауын тексеру:*

Сөйлемдегі сөздердің санын, кезектілігін, орнын белгілеуге арналған тапсырмалар:

- 1) Берілген санға сәйкес сөздерден сөйлем құрастыру.
- 2) Сөйлемдегі сөздердің санын көбейту.
- 3) Кезектілігі қате сөздерден сөйлем құрастыру (мысалы, өсті, бақша, қияр, жасыл).
- 4) Бір зат әртүрлі жағдайда бейнеленген бірнеше суреттерге қарап сөйлем құрастыру (доп сөреде жатыр, допқа шыбын қонды, бала доппен ойнап жатыр). Балалар сөйлемдердегі «доп» сөзінің орнын анықтайды (1-ші, 1-ші, 2-ші).
- 5) Белгілі бір сөзбен сөйлем құрастыру.
- 6) Сөйлемнің графикалық сызбасын құру: сөйлемді ұзын жолақшамен, сөздерді - ұсақ жолақшалармен белгілеу.
- 7) Графикалық сызбаға сәйкес сөйлем құрастыру.
- 8) Сөйлемдегі сөздің орнын табу (сөйлемде .. сөз нешінші тұр).
- 9) Сөйлемдегі сөздердің санына сәйкес санды көтеру (2, 3, 4, 5).

2. *Буындық талдау мен жинақтауын тексеру:*

1) Сөзді буындарға бөлу (шапалақтап, тақылдатып). Қолдың оң жақтан солға қарай және керісінше сол жақтан оңға қарай қимылымен буынға бөлу. Алақанмен аятыңғы иектің қозғалуын қадағалап, буынға бөлу.

2) Сөздегі дауысты дыбыстарды табу (атау). Сөзде қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын болады.

3) Дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату – логопед дыбыстарды (дауысты, дауыссыз) айтқан кезінде балалар керекті дыбысты

естігенде жалауша көтереді (сөздегі дауысты және дауыссыз дыбыстарды атау, дауыссыздарды айтқандағы кедергілерді түйсініп айту).

*Буындағы дауысты дыбысты атау:* ах, ус, ма, да, кра, аст, зол.

- а) буындағы тек дауысты дыбысты ата;
- ә) буынның дауысты дыбысына сәйкес әріпті көтер;
- в) буындардың тек дауысты дыбыстарын жаз;
- г) берілген дауыстымен буын ойла.
- ғ) буындағы дауысты дыбыстың орнын тап және сәйкес әріпті көрсет.
- д) дауысты дыбыс 1-ші, 2-ші, 3-ші орында тұратын буындар айт.

*Сөздегі дауысты дыбыстарын атау.*

Құрылымы әртүрлі бір буындық сөздер ұсынылады (ыс, ма, тас, мал, тарс). Балалар сөздегі дауысты дыбысты атап оның орнын табады, (басы, ортасы, аяғы). Сөздің графикалық сызбасы құралады: сөз тік сызықпен белгіленеді, дауысты дыбыс дөңгелекпен белгіленеді. Дауысты дыбыстың орнына қарай дөңгелек графикалық сызбаның басы, ортасы, соңына қойылады:

о \_\_\_\_, \_\_о\_\_, \_\_\_\_о

Кейін жұмыс екі, үш буындық сөздерде қолданылады.

*Келесі жаттығулар ұсынылады:*

- Сөздегі дауыстыларды ата. Ұсынылған сөздердің айтылуы мен жазылуында айырмашылық жоқ (қала, алма, бас, диван, мысық, тарақ, жорға, қалам).
- Сызбаға сөздің тек дауысты дыбыстарын жаз. Мысалы, мысық сөзі былай белгіленеді: ы ы  , алма сөзі - а   а.
- Бірінші сөздің дауысты әріптерін бөліп көрсет, кеспе әріптерді орнына қой.
- Дауысты әріптердің астына суреттерді қой. Балалар алдымен суреттерде бейнеленген заттарды атайды. Суреттердің атауы бірбуындық сөздерден құралған болуы керек (сан, тас, қас, бас, қант).
- Әртүрлі графикалық сызбалардың астына тек дауысты әріптер жазылған суреттерді қой: а  ,   а  , а    . Екі буындық сөздерге суреттер ұсынылады, мысалы: шыбын, мысық, қасық, алма.
- Дауысты әріптер жазылған әртүрлі графикалық сызбаларға сөздер құра.

*Буындық талдау мен жинақтауды тексеруге арналған тапсырмалар:*

1) Берілген сөзді буындап қайтала. Буындар санын сана.

Берілген сөздердегі буындар санын ата. Сәйкес цифрды көрсет

(1, 2, 3). Буындық құрамы әртүрлі сөздер ұсынылады: бірбуынды, екібуынды, үшбуынды, қарапайым және дауыссыз дыбыстар қатар келген буындар. Мысалы: тақ, үстел, шана, шаңғы, балық, қант, жарыс. Сөздер әртүрлі кезектілікте беріледі.

2) Суреттерді екі қатарға бөліп қой (атауындағы буындар санына қарай). Суреттер: жаға, алмұрт, тырна, шағала, жайлау, қызанақ.

3) «Пойыз». Балаларға пойыздың макеті ұсынылады: паровоз және 1,2,3 цифрларымен белгіленген үш вагоны. Бірінші вагонда бірбуындық сөз-суреттер; екіншіде –екібуындық, үшінші вагонда – үшбуындық.

4) Атауы екі немесе үш буыннан құрылған гүлдер, ағаштар, үй жануарлары, жабайы аңдар, ыдыстар, жиһаздарды ата.

5) Суреттердің атауындағы бірінші буынды ата, жазып қой. Буындарды сөзге немесе сөйлемге біріктіріп, оқы. Балаға келесі суреттерді ұсынуға болады: машина, алмұрт, май, ай, алқа, көсеу, алмұрт. Сөздердегі бірінші буынды атаған соң, сөйлем пайда болады: Мама Алмаға көйлек алды.

6) Суреттің атауындағы жоқ буынды тап. Мысалы: -ма, жа-рақ.

7) Кезексіз берілген буындардан сөз құра: -рық, қы-, -бат, қа; -пы, рақ, жа; тау, ас; пы, бат, рау, ық.

8) Буындап айтылған сөздер немесе сөйлемдерді тап: ба-ла-лар фут-бол ой-на-ды.

9) Сөйлемнен екі, үш буыннан құралған сөздерді тап.

10) Сюжетті сурет бойынша бір, екі, үш буыннан құралған сөздерді тап. Алдын ала сюжетті суретте бейнеленген заттар аталады.

*Есту-айту түсініктері негізінде ойша буындық талдаумен жинақтауын тексеру*

- Екі немесе үш буындық сөздер ойла.
- Берілген буын сөздің басында тұратын сөз айт, мысалы –ша-буынымен. (шана)
- Берілген буын сөздің соңында тұратын сөз айт, мысалы –ла-буынымен. (шағала).
- Суреттің атауында буындар санын ата (суреттің атауы алдын ала айтылмайды).
- Суреттің атауындағы буындар санына сәйкес цифрларды (1, 2, 3) көтер. Логопед суреттердің атауын атамай, көрсетеді.
- Сюжетті сурет бойынша (суреттің атауы алдын ала айтылмайды) бір, екі, үшбуындық сөздерді ата.
- кеспелі әліппи әріптерінен буындар құрау, буындарды жаз: ма, ал, қа, ас, тра, тор, сыр, қас.

- Буындағы әріптер орнын ауыстыр. Жаңа буынды ата. Логопед буынды оқиды, балалар буынның әріптерін кері кезектілікте айтады. Мысалы: су – ус, ақ –қа.

А) ас, ар, ор, ан, ум, оқ, ғұ, сұ;

Б) на, қа, но, со, ку, лу, ны, мы.

Кестемен жұмыс:

А ұ о у ш

С у о а ұ

Логопед әріптерді белгілі кезектілікте атап, буынды ата дейді.

Кеспелі әліппи әріптерінен дыбыстары бірдей буындарды құра: қа–ақ, мо – ом, ша – аш, ыс– сы, ұр – рұ, мы – ым.

Дауысты дыбыстан басталатын буындарды жаз.

Дауыссыз дыбыстармен аяқталатын буындарды жаз.

Логопед айтқан ашық, тұйық буындарды жаз.

3. *Фонематикалық талдау мен жинақтауды тексеру*

1) Сөздегі дыбысты танып, табу, яғни сөзде дыбыстың бар-жоғын анықтау.

2) Сөздің басынан, ортасынан, соңынан дыбысты табу. Сөздегі бірінші, соңғы дыбыстарды табу, және дыбыстың орнын табу (басы, ортасы, соңы).

3) Басқа дыбыстарға қарай дыбыстардың кезектілігін, санын, орнын табу.

1. *Сөзден дыбысты табу:*

Тында, буындарда «ш» дыбысы бар ма? (ш,м,т,ш,р,ш,п,д)

Бір, екі, үш буындық және дауыссыз дыбыстар қатар келген және келмеген сөздерде «Ш» дыбысы бар ма?

*Келесідей тапсырмалар:*

Сөздегі (1,2,3-ші) дыбысқа сәйкес әріпті көрсет.

Парақты екіге бөл, бір жағына әріпті жаз, екінші жағына сызық сыз. Логопед сөздерді оқиды. Егер сөзде аталған дыбыс бар болса, балалар әріптің астына жұлдызша салады, егер сөзде аталған дыбыс болмаса, жұлдызша сызықшаның астына қойылады.

Логопедтің соңынан берілген дыбыс бар сөздерді қайтала, сәйкес әріпті көрсет.

Сөйлемнен аталған дыбыс бар сөзді ата, сәйкес әріпті көрсет.

Атауында берілген әріпке сәйкес дыбыс бар суреттерді көрсет.

«Р» дыбысын сөзден табуға (бөлуге) арналған тапсырмалар

- Егер сөзде «р» дыбысы болса, «Р» дыбысы бар карточканы

көтер. Логопед сөздерді атайды: радио, қас, арман, тырна, жарма, шана, қарбыз, асық, қияр, қобыз.

- Атауында «р» дыбысы бар суреттерді іріктеп ал.

- Сюжетті суретке қарап, бейнеленген заттардың атауында «р» дыбысы бар сөздерді ата.

- «Р» дыбысына сөз ойла.

- Атауында «р» дыбысы бар жануарлар, көкөністер, жемістер, ыдыстар, ойыншықтарды ата.

- Сөз болатындай «Р» дыбысы бар буын қос. Мысалы: ша...(на), ас...(пан), қал...(та), ал...(ма), сыбыз...(ғы), баспал...(дақ), шашта...(раз).

Логопед: сөзді ата, аталған дыбыс қай буында тұрғанын айт – екінші, үшінші; сөзді толық айт, сөздегі дыбыстың орнын тап.

Логопед қажетті дыбыс сөздің басында, ортасында, соңында кездесетін сөздерді атайды. («Р» дыбысы бар сөз естісең, «р» әрпін дәптерге жаз. Егер сөзде «р» дыбысы жоқ болса, сызықпен белгіле).

- Суреттерге қарап, сөйлемді «р» дыбысы бар сөздермен толықтыр. Мысалы, логопед сөйлемнің басын айтады, ал бала атауында «р» дыбысы бар суретті табады және сөйлемді сәйкес сөздермен толықтыр: Айсұлу бақшаға...(қызылша, пияз, сәбіз) екті. Басында бала жетіспейтін сөзді атайды, кейін сөйлемді толық айтады.

- «Лото» ойыны. Атауында «р» дыбысы бар, жоқ суреттер және «р» дыбысы жазылған түрлі-түсті текшелер ұсынылады.

Логопед сөздерді атайды, бала сәйкес суретті көрсетеді, атауында «р» дыбысы бар-жоғын белгілейді; егер сөзде «р» дыбысы бар болса «р» әрпі жазылған текшемен суретті жабады, егер сөзде «р» дыбысы жоқ болса – түрлі-түсті текшемен жабады.

## *2. Сөздегі бірінші және соңғы дыбысты табу.*

Жұмыс дауысты дыбыстардың артикуляциясын анықтаудан басталады. Суреттер арқылы дауысты дыбысты еліктеу арқылы айту. Суреттер: бала жылап жатыр: (а-а-а); қасқырдың ұлуы (у-у-у); тіс ауырды (о-о-о). Дауысты дыбыстың артикуляциясын анықтаған кезде баланың зейіні еріндердің қалпына аударылады (ашық, дөңгеленіп тұр, түтікше тәрізді). Алдымен дыбысты сөздерде интонациямен (дауыспен), кейін артикуляциямен және интонациямен.

*Сөздегі бірінші дыбысты табу:*

- сөздегі бірінші дыбысты тап: от, ас, ай.

- сөздің бірінші дыбысына сәйкес әріпті кеспе әліппеден тап.

- А, Ә, У дыбыстарынан басталатын сөздер ойла.



- Суретте бейнеленген затың атауындағы бірінші дауысты дыбысқа сәйкес әріпті көтер. Суреттер: алма, оймақ, облако, уши.

- «Лото» ойыны. Суреттер ұсынылады, логопед сөзді атайды, бала суретті соның атауындағы бірінші дыбысқа сәйкес әріппен жабады. Мысалы оймақ бейнеленген суретті «о» әрпімен жабады.

Сөздегі бірінші дыбысты табу тапсырмасы да үш нұсқада орындалады:

а) логопед айтуын естіп қабылдау; б) баланың айтқанынан соң, в) естіп-айту түсініктері негізінде, мысалы: мына дыбысқа сәйкес суретті ал.

*Сөздегі бірінші дауыссыз дыбысты табу* балаға сөзден табудан едәуір қиын. *Сөздегі бірінші дауыссыз дыбысты табуға тапсырмалар:*

- Берілген дыбыстан басталатын гүлдер, жануарлар, құстар, көкөністер, ыдыс, жемістердің атауларын атау.

- Берілген дыбыстан басталатын заттық суреттерді іріктеу.

- Сюжетті сурет бойынша берілген дыбыстан басталатын сөздерді атап шығу.

- Сөздің бірінші дыбысын өзгеру. Логопед сөзді атайды, бала сөздің бірінші дыбысын тауып, атайды. Мысалы, «қой» сөзіндегі бірінші «қ» дыбысын «т» дыбысына ауыстыру (той).

- Суреттің астындағы сызбаға бірінші дыбысты жазу.

*Сөздегі соңғы дауыссыз дыбысты табу.*

Буындар ұсынылады: ас – тас, ай – май, үн – жүн. Буын, кейін сөздегі соңғы дауыссызды табу керек.

*Сөздегі дыбыстың орнын табу* (басы, ортасы, соңы):

Мысал: «л» дыбысының орнын сөзден табу: атауында «л» дыбысы бар суреттерді үш қатарға орналастыру (бір қатарға дыбыс сөздің басында, екінші қатарға – ортасында, үшінші қатарға - соңында тұрған суреттерді орналастыру: лақ, алма, жал, қал, марал лашын, балта).

«Л» дыбысы сөздің басында тұрған сөздерді іріктеу;

«Л» дыбысы сөздің соңында тұрған сөздерді іріктеу;

«Л» дыбысы сөздің ортасында тұрған сөздерді іріктеу;

«Л» дыбысынан басталатын жануар, көкөніс, жеміс, өсімдік, гүлдердің атауларын айт.

## **ТІЛДІК ТАЛДАУ МЕН ЖИНАҚТАУ ДИСГРАФИЯ БҰЗЫЛЫСТАРЫН ТҮЗЕТУ НЕГІЗІНДЕ ЛОГОПЕДИЯЛЫҚ ЖҰМЫСТЫҢ ӘДІСТЕРІ, МІНДЕТТЕРІ, ПРИНЦИПТЕРІ**

И.Н.Садовникова жазудағы қателерді толық анықтап жүйелеу және түзету жұмыстарын тиімді ұйымдастыру үшін ерекше қателерді деңгейлік принципке сүйеніп талдау қажет деп есептейді. Соның негізінде ерекше қателерді үш топқа бөледі:

- әріп және буын деңгейіндегі қателер; (дыбыстық – әріптік және буындық талдау мен жинақтау)

- сөз деңгейіндегі қателер; (буындық және морфологиялық талдау мен жинақтау)

- сөйлем деңгейіндегі қателер (тілдік талдау мен жинақтау)

I. Әріп және буын деңгейіндегі ерекше спецификалық қателерді түзету.

Дыбыстық талдау мен жинақтаудың күрделі және қарапайым түрінің дамуының негізгі кезеңдеріне сабақтағы дыбыстық талдау мен жинақтау жатады.

Дыбыстық талдаудың қарапайым түрі.

- Сөзде дауысты дыбыстың бірінші екпінін ажырату.

- Сөзде дауыссыз дыбыстарды басында және соңында ажырату.

- Дауысты дыбысты сөз ортасынан анықтау.

- Сөздегі дыбыстардың орнын анықтау. (басында, ортасында, соңында)

- Сөзде дыбыстың кезектілігін анықтау.

- Дыбыстың санын анықтау

- Дыбыстың орнын анықтау.

Логопедиялық жұмыста күрделі түрінің дамуына фонематикалық талдаумен бірге саналы түрде кезеңдермен қалыптасады:

А) Көмекші құралдарға сүйенеді.

Б) Тілдік жоспарда, тек сөйлеу көру қабілетіне сүйенбей.

В) Ішкі жоспар

Логопед жұмысында фонематикалық талдау мен жинақтаудың күрделі деңгейінің дамуы әр түрлі фонематикалық талдау кезеңдерімен және онтогенездік функциялардың қалыптасуымен жүзеге асады.

1) Сөзден дыбыстың фонын анықтау.

2) Сөздегі дыбыстың басында, соңында келуін бөлу. (сөздегі дыбыстың орны, кезектілігі)

3) Сөзде дыбыстың санын кезектілігін анықтау.

4) Сөзде дыбыстың орнын анықтау.

Ашық және жабық буында фонематикалық талдау келесі кезектілікпен жүреді.

1) Жабық немесе бітеу буындық талдау. ( ап,ум). Басында дауысты дыбысты, содан кейін дауыссыз дыбысты ажыратамыз.

2) Ашық буындық талдау. (па, му). Кері кезектілікпен осы дыбыстармен ауысады.

3) Ұқсас дыбыстардан құралған ашық және жабық буындардың дифференциясы. ( АП, ПА, УМ, МУ)

Сөз деңгейіндегі қателер.

Келесі қателер анықталды: сөздердің бөлек жазылуы, контаминация, сөздерді бірге жазу. А.К. Маркова және З.Е.Агранов сөйлемнің буындық құрылымның қалыптасу кезеңін уйрету.

1) Кезең. Дайындық (вербальсыз деңгей)

Зейін қою.

Сөздің ырғақтылығымен жұмыс.

Координациялық және үйлестіру жұмысының дамуы.

2) Кезең. Түзету. (Вервальды деңгей)

Дауысты дыбыстар деңгейі. Балалар дауысты дыбыстармен, әріптермен танысады.

Буын деңгейі. сөздегі ашық және жабық буындармен кестенің көмегі арқылы танысады.

Сөз деңгейі:

- Ашық буындыекі буынды сөздер: мата, шана

- Ашық буынды үш буынды сөздер: ба – ла – пан, жа- па –лақ

- Жабық буынды бір буынды сөздер: лақ,тал, мал.

- Екі буынды сөзде жабық буынның соңында келуі: ли – мон, ка-бан.

- Сөз ортасындағы екі буынды сөз: қымбат,қасқыр

- Екі буынды дауыссыз сөзде жабық буында ортасында: құрбы,қакпақ.

- Үш буынды сөзде жабық буынның соңында келуі. лимонад, коридор

- Үш буынды сөзде дауыссыз дыбыстардың қатар келуі Мақтаншақ,дастарқан.

- Дауыссыз дыбыстар қатар келетін бір буынды сөздер . құрт, лифт

- Екі буынды сөздегі дауыссыз дыбыстар қатар келгенде : қуыр – дақ,жұл – дыз.

- Төртбуынды сөз: құмырысқа, пирамида

## 1. Сөйлем деңгейіндегі қателер.

Тілдік талдау мен жинақтау сөйлемдегі мәтінде қарастырылады:

- Сөйлеммен танысу – сөйлемдегі негізгі дифференциациялық жинақтағы жеке сөздер.

- Сөйлемдегі дифференциациялық сөз тіркестері

- Сөйлемде талдау құрылымының дамуы – санын, кезектілігін, орнын анықтау.

- Заттың кеңістікте орналасуымен танысу.

- Мәтінмен танысу – мәтіннің негізгі белгілері, сөйлемдегі мәтіннің кезектілігі.

Балаларда тілдік талдау мен жинақтауды түзету жұмыстары:

- Интеллекті бойынша даму жұмыстары (ойлау қабілетінің даму әрекеттері:зейін, қабылдау, есте сақтау)

- Қолдың ұсақ моторикасының дамуы (саусақтармен ойын, жаттығулар, трафареттармен сурет салу және т.б)

- Сөйлеу тілінің қабылдау мен түсінуі (тұрмыстық және ойындық жағдайларды құрылымын уақыт өткен сайын күрделендіру, грамматикалық констукция , сөздік қорын молайту)

- Экспрессивті сөйлеу тілінің дамуы, фразалардың қалыптасуы, жай сөйлемдерді қолдануы.

Балалар оқу жылының соңында мынаны білуі қажет:

1) Дауысты дауыссыз дыбыстардың,әріптердің аттарын.

2) Нақты түсінік:дыбыс, әріп, буын,сөз, сөз тіркестері,сөйлем, мәтін,дауысты буындар.

3) Олардың өз арасында қандай айырмашылығы бар: дыбыс пен әріптің, дауысты дауыссыз дыбыстардың, буындардың, сөздердің, сөз тіркестерінің, сөйлем және мәтін.

4) Буындардың,дыбыстардың,сөздердің графикалық белгісін білу.

5) Сауатты жазу.

Балалар оқу жылының соңында мынаны білуі қажет:

1) Дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату

2) Дыбыс пен әріпті, буын мен сөзді, сөз тіркестері мен сөйлемді ажырату.

3) Буындағы дауысты ажырату

4) Сөздегі дыбыстың орнын кезектілігін анықтау: дауысты және дауыссыз дыбыстардың.

5) Сөйлемдегі сөздің дыбыстың буынның санын анықтау.

6) Сөздік, буындық, дыбыстық талдау мен жинақтау, сонымен бірге сөйлемге тілдік талдау мен жианактау.

7) Сөздің және буынның, дыбыстың графикалық белгісін білу.

Осы үлгідегі кезеңдік жұмыстарды орындау, тілдік талдау мен жинақтау қалыптасады. Логопед баламен жүйелі түрде бір жыл жұмыстанса баланың динамикасының өсуіне көмектеседі.

Түзету әдістемесінің негізі - логопедиялық жұмыстың келесі принциптері.

Дифференциалдылық принцип.

Логопедиялық түзету жұмысында тілдік талдау, жинақтау дисграфия бұзылыстарының тек этиологиясымен емес, тілдік бұзылыстардың механизмдері мен құрылымы, бірақ ересектер есебінен, индивидуальды – балалардың тілдік даму деңгейіндегі психологиялық ерекшеліктері.

Жинақтау принципі.

Көптеген жағдайларда төменгі сыныптарда дисграфия ауызша сөйлеу тілінің дамымауынан, яғни тілдің қалыптаспауынан туындайды. Логопедиялық әрекетте дисграфияны түзету барлық тілдік бұзылыстардың жинақтаумен іске асады. (ауызша сөйлеу, жазу)

Патогенетикалық принцип.

Жазу бұзылыстары есепке алу механизімімен жорамалданады. Тілдік талдау, жинақтау дисграфия бұзылыстарын түзетуде сөйлемде сөзді талдау дағдысының қалыптасуы, буындық және фонематикалық талдау, жинақтау т.б

Жазу бұзылысының дәрежесі мен белгілерін есепке алу қағидалары.

Дисграфия деңгейінің жетілмеуі басқада функциялар түрінде, оқушылардың жазу бұзылыстарының әр түрлі болады. Дисграфияның ең күрделі деңгейіне, тілдік талдау мен жинақтаудың қалыптаспауы, фонематикалық талдау, жинақтау мен сөйлемдегі сөзді талдау реті де балаларда дамымағын. Ал дисграфияның жеңіл деңгейіне, фонематикалық күрделі түрі дамымаған болуы мүмкін. Логопедиялық жұмыстың бұл бағыты дифференциалды есепке алу және бұзылу деңгейі, жазу дағдысының қалыптаспауы.

Жазу үрдісінің, құрылымын психологиялық қағидаларын есепке алу және тілдік бұзылу қызметінің сипаттамасы.

Жазу үрдісі өзінің күрделі көпдеңгейлілік қызметін ұсынады, құрылымы яғни топтық, операциялық деп бөлуге болады. Жазу бұзылысынан қиындық көретін балалар, түрлі механизмдер мен күрделі тілдік қызметпен айқындалады:

- а) операцияның біреуі қалыптаспаса
- б) бірнеше операция қалыптаспаса,
- в) бағдарламаға сай операциялар дербес қызмет ретінде қалыптаспауы.

Логопедиялық жұмыстың принциптері тек саналы әрекетте туындамайды, бірақ оны дағдылы әрекетке дейін жетілдіру керек. Оты талаппен ғана қалыпты тұтас жазу процесіне ауысуға болады.

Саналы әрекеттің кезеңдік қалыптасу принциптері.

Психологиялық зерттеулерде А.Н. Леонтьев, П.Я. Гальперин, Д.Б. Эльконин саналы әрекеттің қалыптасуы – күрделі және ұзақ процесс, сыртқы операциялардың бастамасы, содан кейін қысқарады, нақтыланады, дағдыланып, ақырындап саналы жоспарға әкеледі, қызықтырады. Жүйелілік принцип.

Тілдік талдау мен жинақтау негізіндегі дисграфия бұзылыстары түзетуде жүйелілік әдістері қолданылады.

Онтогенетикалық принцип. Бұл процестің функцияларының қалыптасуы, жазуды меңгеруін қамтамасыз ету, бұл кезеңдерді оқыту және онтогенездің кезектілігінің қалыптасуы.

Логопедиялық түзету жұмысы тілдік жинақтау, талдау негізіндегі дисграфия бұзылыстарын бөліп қарастырды;

- 1) Мәтіннің талдау мен жинақтау құрылымын дамыту.
- 2) Сөйлемнің талдау мен жинақтау құрылымын дамыту.
- 3) Буындық талдау мен жинақтауды дамыту
- 4) Фонематикалық талдау мен жинақтауды дамыту.

Тілдік талдау мен жинақтау негізіндегі дисграфия бұзылыстары түзетуге келесі әдістер қолданылады:

Тәжірибелік

1. Жаттығу – бұл баланың тәжірибелік және ойлау әрекетіне арналған тапсырмаларды көп реттік қайталауы.

А) еліктеу – орындаушылық

Б) құрастырушы

В) шығармашылық бағыттағы жаттығулар

1. Ойындық әдіс - ойын әрекетінің түрлі компоненттерін қолдану.

2. Үлгілеу – бұл процесс құрылым объектілерінің толықтай үлгісін қалыптастыру, осы объект элементтерінің өзара байланысу қатынастары.

Көрнекі құралдар

1. Бақылау

2. Суреттерді қарау

3. Тапсырманың үлгісін көрсету

Ауызша және жазбаша әдістер.

1. Әңгіме

2. Алдын алу, хабарлау және қорытынды әңгімелер.

## **ТІЛДІК ТАЛДАУ МЕН ЖИНАҚТАУ НЕГІЗІНДЕ ДИСГРАФИЯ БҰЗЫЛЫСТАРЫН ТҮЗЕТУГЕ АРНАЛҒАН ТӨМЕНГІ СЫНЫПТАРДАҒЫ ЛОГОПЕДИЯЛЫҚ ЖҰМЫСТЫҢ БАСТЫ БАҒЫТТАРЫ**

*Мәтінді талдау, жинақтау құрылымын дамыту*

Төменгі кластарда мәтіннен сөйлемді ерекшелеп алу қиындық туғызады.

Міндеттері:

- Мәтіннің өзгеруін қалпына келтіру
- Мәтіннің жетілдіруге арналған тапсырмалар
- Тұтас мәтіннен керекті сөйлемді ерекшелеу
- Жеке сөйлемдерден мәтін құрау.

*Сөйлемдегі талдау мен жинақтау құрылымын дамыту*

Төменгі сынып оқушыларымен осы аталған жұмыс бағытында мынадай нәрселерге көңіл бөлуіміз қажет. Балаларға орны ауысқан сөздерден сөйлем құрауды, оларға жұрнақ пен жалғауды дұрыс қоюды үйрету.

Сөйлемдегі сөздердің орнын, кезектілігін және санын дұрыс анықтауға қалыптастыру мақсатында мынадай тапсырмалар беріледі:

- Сюжеттік суреттен сөйлем құрау және сөйлемдегі сөздердің санын анықтау.
- Белгілі сөздер санынан сөйлем құрау
- Сөйлемдегі сөздердің сандық құрамын ұлғайту
- Ретсіз орналасқан сөздерден сөйлем құрау (мысалы, ағаштар, жарады, бүршік, көктемде.)
- Әр түрлі жағдайдағы бір зат бейнеленген бірнеше суреттер бойынша сөйлем құрау (сөреде тұрған доп, допқа шыбын қонды, бала доппен ойнап жатыр). Балалар суреттерге қарап сөйлем құрайды. Сөйлемге атау береді.

- 1) Белгілі бір сөзден сөйлем құрау
- 2) Сөйлемнің графикалық сызбасын құру: сөйлем тұтас жолақшамен, ал сөздер – кішкене жолақшалармен.
- 3) Графикалықсызбағасай сөйлем құрау
- 4) Сөйлемдегі сөздің орнын белгілеу(табу)
- 5) Сөйлемдегі сөздің ретіне сәйкес санды көтеру (2,3,4,5).

### *Буындық талдау мен жинақтауды дамыту*

Жазу дағдысын меңгеру үшін буын мен сөзді ажырата білуі керек. Сөздер буынға, содан кейін буын дыбыстарға ажыратылады.

Дисрафик балалар жазу процесінде көбіне дауысты дыбыстарды тастап кетеді. Балалар іштен және сыбырлап айту арқылы дауыссыз дыбыстарды жеңіл қабылдайды, яғни кинестетикасы нақтырақ болып келеді. Дауысты дыбыстар дауыссыз дыбыстардың реңкі болып табылады. Буындарға бөлгенде дауысты дыбыстарға сүйенеміз. Сөйлемдерді сөздерге бөлу кезінде, сөздерді бірге жазу кездеседі, ал жалғауды бөлек жазу да кездеседі.

Буындық талдау дәрежесінің күрделілігі көбіне буынның өзгеруіне, сөздің құрамы және оның қиындықтары айтылады. Дыбыс пен буынның айтылуы біріккен болса, сөзден буынды бөлу оңай болады. Жабық және кейінгі буындарға қарағанда, ашық буынды дыбыстардың айтылуы тығыз. Жабық буындар күрделі болып келеді. Кері және жабық буынды құрайтын дыбыстарды бөлу жеңіл, буынға бөлу кезінде балалар бір буынға бөлудің орнына екіге бөледі. Талдау және жинақтау буындары қатты сөз орнында жүзеге асады. Жазуды дұрыс меңгеру есту негізінде ішкі жоспар қалыптастырылуы керек.

Буындық талдаудың сыртқы көмекші құралдарымен, тапсырмалармен қалыптасады: сөзді буынға дыбыс шығару мен қол соғу арқылы бөлу, сөзді қолдың қимылы арқылы оңнан солға, солдан оңға қарай ырғақпен көрсету. Тілді буындық талдауды дамытуда дауысты дыбыстарды ажырата білуді үйрену. Балалар сөзде неше буын бар екенін білуі қажет. Алдымен дауысты дыбыстың буындағы, сосын бір буынды сөздердегі орнын анықтайды (басында, ортасында соңында) белгілейді. Ол үшін әртүрлі тәсілдер пайдаланады, фишкамен, дөңгелекпен, түсті қағаздармен белгілеу сияқты.

Жұмыс барысында төмендегідей тапсырмаларды қолдану тиімді:

- Сөздегі дауысты дыбыстарды жазу (қора – о- а)
- Буындық құрамына байланысты суреттерді іріктеу немесе цифрды көрсету
- Суретті пайдаланып сөздің түсіп қалған буынын табу ба – пан, бал-, - шина
- Суреттегі заттардың атын атап, бірінші буынын бөліп сөз «сөйлем құрау»
- Ретсіз берілген буындардан сөз құрау
- Сөйлемнен белгілі бір буынды сөздерді табу (2-3 буынды сөздер).



Балалар дауысты және дауыссыз дыбыстардың артикуляциясының әртүрлі екенін білуі керек. Дауысты дыбыстарды айтар кезде кедергі болмайды, еркін келеді ал дауыссыз дыбыстар айтар кезде кедергілерге тап келеді. Дауысты және дауыссыз дыбыстар, дабысталуы бойынша әртүрлі болады. Дауысты дыбыстар тек дауыстан тұрады, ал дауыссыз дыбыстар уілдеуден немесе дауыстан тұрады. Дауысты дыбысты әуендетіп созуға болады, ал дауыссыздар буын құраушы дыбыстар.

Буыннан дауысты дыбыстарды ажырату

Буыннан дауысты дыбыстарды бөлу әртүрлі болады: ах, ма, да, зал  
Келесі тапсырмаларды ұсынады:

- Сөздегі тек дауысты дыбысты атау.
- Буындағы дауысты дыбыстарға сәйкес келсе әріпті көтеру.
- Буындағы тек дауысты дыбыстарды жазу.
- Сәйкес дауысты дыбысқа буын ойластыру.
- Буындағы дауысты дыбыстың орнын көрсету.
- Буын ойластыру, дауысты дыбыс бірінші, екінші, үшінші болатын.

#### *Сөзден дауысты дыбыстарды ажырату*

Жұмыстың бастапқы кезеңінде біркелкі күрделі сөздерді құрылымы әртүрлі. Алдымен дауысты дыбыстың буындағы, сосын бір буынды сөздердегі орнын анықтайды (басында, ортасында соңында) белгілейді. Сөзден графикалық сызба құрайды: сөздер тіке жолақшамен, ал дауысты дыбыстар дөңгелекшемен белгіленеді.

Екі, үш буынды күрделі сөздерге төмендегі жаттығулар ұсынылады:

1) Сөздегі дауысты дыбысты атау. Сөз беріледі, жазылуы мен айтылуы өзгеріссіз болады.

2) Сызбада тек сөздегі дауысты дыбыстарды жазу. Мысалы: қасық сөзі а ы.

3) Сөзден дауысты әріптерді ажыратып, кесілген әріптерден.

4) Дауысты дыбыстарды суреттің астына орналастыру. Балалар алдын – ала суретті атайды. Суреттегі бір буынды сөздер (нан, тал, тіл, қас, тіс, жіп, шөп) .

5) Графикалық сызбаға суреттерді орналастыру, тек қана дауысты дыбыстар жазылған: а ы, суреттегі екі буынды сөздер: шыбын, мысық, кітап, сырға, қалам).

6) Дауысты дыбыстар жазылған графикалық сызбадан сөздер ойластыру.

Буындық талдау мен жинақтау әрекетінің бекіту үшін келесі тапсырмалар қолданамыз:

1) Тапсырмадағы сөздің буынын қайталау. Буын санын есептеу.  
2) Берілген сөзден буын санын анықтау. Сай келетін санды көтеру (1,2,3) әртүрлі сөздегі буын құрылымы. Бір буынды, екібуынды, үшбуынды, жай және дауыссыздармен топтасуы. Мысалы: бақ, үстел, балық, шекер, қасық, телефон, тырнақ, дастархан. Сөздер кездейсоқ тәртіппен көрсетілген.

3) Суреттерді екі топқа бөлеміз буынның санымен атауынан қарай. Сәйкес келетін суреттер: шөп, қызанақ, алмұрт, қарбыз, шалғам

4) «Пойыз» ойыны. Балаларға пойыздың макеті беріледі. Паровоз және 3 вагон 1,2,3 сандарымен. Бірінші вагонда сөздер араласқан – суретте бір буынды бір сөз, екіншісінде – екі буынды, үшіншісінде – үш буынды сөздер.

5) Гүлдердің, ағаштардың, үй жануарлары мен жабайы жануарлардың, ыдыс – аяқ немесе жиһаздардан екі немесе үш буынды сөздерді атаңдар.

6) Суреттен бір буынды сөзді ерекшелеп, жазамыз. Сөзбен буынды біріктіріп сөйлемде құрау. Балаларға келесі суретті ұсынсақта болады. Асық, қарға, кірпіш, тапқыр, ожау, қыран. Асқар кітап оқы.

7) Суреттен босатылған буындарды анықтау: мысалы: - ық, құ – лыс, ша – лақ, қар – ғаш, қо – қан.

8) Ретсіз орналасқан буындардан сөздер құрау: ма, қой, қыр, қас, жың, қор, лан, жы.

9) Сөйлемдегі сөздің буынын анықтау: мысалы: ба – ла- лар фут – бол ой – на – ды.

10) Екі немесе үш буынды сөздерді сөйлемнен ажырату.

11) Сюжеттік суреттен сөзді атау, бір, екі, үш буыннан құралған. Алдын ала айтылған нәрселерде сюжеттік суреттегі бейнеден көрсету.

Төменгі сынып оқушыларының соңғы кезеңде тілдік жинақтау мен талдау әрекетінің қалыптасуы саналы жоспар негізінде, естіп айтуының белгісі.

Келесі тапсырмалар ұсынады:

- 1) Бір, екі буынды сөзді ойластыру.
  - 2) Сөздің басында буынның болуы. мысалы: ма буыны.
  - 3) Сөз соңындағы буын. Мысалы ка буыны.
  - 4) Суреттегі буынның санын анықтау.
  - 5) Санды көтеру (1, 2, 3) суреттегі буынның санына сәйкес келуі.
- Логопед суретті атамай көрсетеді.

Буынды жазу,

1) Әріптерден буын құрау.әртүрлі құрылымдағы буындар: ма,ша, қа,то, са, қа, ақ.

2) Буындағы әріптердің ретін өзгерту. Анықталған буынды атау. Логопед буынды оқиды, балалар буындағы әріптерді айтады, кері кезектілікпен де. Мысалы: ша – аш,ал – ла, ық – қы.

А) ша,ал,ық;

Б) ша,қы, ла;

3) Әліппедегі кесілген әріптерден буын жұптарын жасау, бірдей буындарды құрайтын: ын – ны, ал – ла, ша- аш.

4) Дауысты дыбыстан басталатын буындарды жазу.

5) Соңында дауысты дыбыспен бітетін буынды жазу.

6) Ашық және жабық буындарды диктоват ету арқылы жазу.

### *Фонематикалық талдау мен жинақтауын дамыту*

Фонематикалық талдау жай және күрделі болуы мүмкін. Жай фонематикалық анализ – бұл сөздегі дыбыстыажырату (тану), мектепке дейінгі жастағы балаларда кездеседі. Күрделі түріне бірінші және соңғы буындарда ажырату, орнын анықтап, (басында,ортасында, соңында) Ең күрделі фонематикалық талдау – сөздегі дыбыстың кезектілігін,саны, басқа дыбыстармен байланысын анықтау (қай дыбыстан кейін, қай дыбыстың алдында) мұндай фонематикалық талдау түрін балалар арнайы оқыту процесінде меңгереді.

Фонематикалық талдау мен жинақтаудың күрделі түрін оқыта отырып, онтогенезінің кезектілігін меңгеріп, логопедиялық жұмыстың келесі реттілігі:

1) Сөздегі буынның дыбысын естіп ажырату.

2) Сөздің басында,соңында болуы. Сөзден бірінші,соңғы дыбыстарын анықтау, сонымен орнында (басы, ортасы, соңында). Келесі тапсырмаларды әрекетке сай қалыптасуы: сөзден бірінші дыбысты анықтау, соңғы дыбысын; сөзден дыбыстың орнын белгілеу.

3) Кезектілігін анықтау, дыбыстың орнын санын басқа дыбыстармен байлансын.

### *Сөздегі буынның дыбысын естіп ажырату.*

Сөздегі буынның дыбысын естіп ажырату жұмысы артикуляторлы жай дыбыстардан басталады. (м, н, х, в т.б). алдымен аркуляторлы дауыссыз дыбыстарды үйрену қажет. Артикуляторлы органдарды алдымен көзбен қабылдау, кейін кинетикалық сезінумен, қабылданады. Бұл берілген әріптің дыбысталуымен сипатталады.

Әріп дыбыспен байланысты. Әріптерді қолдануда төмендегідей тапсырмалар қолданады:

1) Әріпті көрсету, егер сөздегі дыбысқа сәйкес келсе.

2) Беті екі бөлімге бөлеміз. Бір бетіне әріпті жазу, басқа бетіне сызықша қойылады. Логопед сөзді оқиды. Егер сөзде берілген дыбысы болса, балалар әріпке крест белгісі қойылады, сөзде әріп жоқ болса, онда крестик сызықшаға қойылады.

3) Тапсырмадағы дыбысты логопедпен бірге қайталау, сай келетін әріпті көрсету.

4) Сөйлемнен сөзді ерекшелеп, берілген дыбысқа сай келетін әріпті көрсету.

5) Суретті көрсету, атауында дыбыс бар яғни тапсырмадағы әріпті білдіретін.

Сөздегі «Р» дыбысын естіп ажырату.

1) «Р» әріпі белгіленген карточканы немесе қолын көтеру, егер сөзде «р» дыбысы бар болса. Сөзді логопед айтады. Мысалы: мұрын, қол, кітап, қарбыз, ит, жолбарыс, қалташа, қайшы, сиыр, ракета, тырнақ.

2) «р» дыбысы бар пәндік суреттерді таңдап алу.

3) Сюжеттік суретте «р» дыбысы берілген сөздерді атау.

4) «р» дыбысы кездесетін сөздер ойластыру.

5) «р» дыбысы бар жануарлар, жеміс – жидектердің, ойыншықтардың аттарын айту.

6) «Р» дыбысына буын қою, сөз шығу үшін. Мысалы: а – (ра), қа – (ра), мұ – (рын), қай – (сар).

7) Логопед сөздерді атайды. Балалар «р» әріпін дәптерге жазады, егер сөздерде «р» дыбысы бар болса. Егер сөзде «р» жоқ болса сызықша қойылады. Берілген сөздегі дыбыстар басында, ортасында, соңында айтылады.

8) Сөйлемдегі сөздерді толықтыру, суретте «р» дыбысына сүйене отырып. Логопед сөйлемнің бөлімін оқиды, ал оқушылар суреттен «р» дыбысын таңдап сөйлемдегі сөздермен сәйкестендіреді.

9) Лото ойыны. Балаларға «р» дыбысы бар және жоқ суреттер карточкамен таратылады, сонымен қатар түрлі түсті шаршы пішіндес «Р» әріпі. Логопед сөздерді атайды, балалар карточкадан «р» дыбысына сай келетін суретті анықтайды және «р» әріпінің шаршы пішіндес түрімен суретті жабады, ал егер суретте «р» дыбысы бар болса, және түрлі түсті кішкентай шаршылар– сөзде берілген әріп жоқ болған жағдайда қойылады.

*Бірінші және екінші сөздегі дыбыстарды ажырату.*

Бірінші және екінші сөздегі дауысты дыбыстың екпіні.

Дауысты дыбыстардың артикуляциясын анықтамасынан жұмысты бастау керек. Дауысты дыбыс суреттерді пайлана отырып дауысқа еліктеудің негізі. Мына суреттерді айтуға болады; сәби жылады (а-а-а), қасқыр үілдеді « у-у-у),тіс ауырады (о-о-о).

Бірінші дауысты дыбыстың екпінін келесі тапсырмалар арқылы ұсынылады:

- 1) Сөзден бірінші дыбысты анықтау. Қасық, қалам, көмір, көше, төмен, құлак.
- 2) Шалыған әріптерден әріпті тауып,дауысты дыбыстың бірінші екпінімен сәйкес келуі.
- 3) Сөздерді таңдап алу, дауысты а,о,у дыбыстарынан басталатын.
- 4) Суреттерді таңдау, яғни атаулары дауысты дыбыстың екпінінен басталады( а, о, у)
- 5) Суреттен әріпті таңдау,сөздің бірінші дыбысына сай келетін.
- 6) Лото ойыны. Карточкамен суреттер ұсынады. Логопед сөзді ағайды.оқушы суретті басқа әріппен жабады, сөздер басталатын.

Сөздегі дауысты дыбыстардың екпіні 3 вариантта анықталады. А) есту, логопедтің сөзді айтуы б) балалар сөзін айтқанан кейін в) естіп айтуы негізінде, мысалы тапсырмадығы суретті дыбысқа сай таңдау.

*Сөздегі біріншісі дауыссызды анықтау.*

Сөздегі бірінші дауыссызды анықтау өте күрделі, сөздегі дауыссыз дыбыстарды естіп бөлуге қарағанда.

Сөздегі бірінші дауыссызды анықтауда қолданылатын тапсырмалар:

- 1) Берілген дыбыстан басталатын гүлдің, жануардың, құстың, жеміс – жидектің таңдап алу;
- 2) Берілген дыбыстан басталатын нәрсені суреттен таңдау
- 3) Берілген дыбыстан басталатын сюжеттік суреттен сөзді айту
- 4) Сөздің бірінші дыбысын өзгерту. Логопед сөзді айтады. Балалар сөздің бірінші дыбысын табады. Одан әрі қарай балаларға бірінші дыбысты басқа дыбыспен өзгертеді. Мысалы: қала сөзіндегі «қ» дыбысын «г» дыбысына өзгерту.
- 5) Лото «Ерекше гүлдер». Тақтаға гүлдің пішініне түрлі нәрселердің бейнелерінен ойып жасалған жапырақтар жапсырылады.
- 6) Суреттің төменгі жағында орналасқан сөздің бірінші әріпін жазу.
- 7) «Бірінші дыбыс қандай» лото. Балаларға лото сөзі бар карточка

беріледі. Мысалы, м, р, ш дыбысынан басталатын. логопед сөздерді айтады, балалар суретті табады және аттарын атайды, бірінші дыбысты анықтап сол дыбыспен суретті жабады яғни сөздің бірінші дыбысына сай келсе.

8) «суретті тап». Балаларға екі карточка беріледі. Біреуінде заи бейнеленген, ал екіншісінде орамжапырақ. Балалар заттарды атайды, атауындағы бірінші дыбысты анықтайды және карточкалар ортасына қояды. Одан кейін олар

9) Жұмбақты шешу. Табылған сөздің бірінші дыбысын айту.

*Сөз соңындағы дауыссыз дыбысты табу.*

Сөз соңындағы дауыссыз дыбыстар кері буында басында келеді, мысалы, ық,ар,ер. Дыбыстың қалыптасу кезектілігін табады, сөздің соңында буынның болуын. Сөздер беріледі, біріккен буындармен: ық – тық, ар – қар, бар, тар, ер – жер.

Сөздегі буын орны ( басы,ортасы, соңы)

Анықтап алу қажет егер дыбыс басында ,соңында келмесе ол сөз ортасында болады. «бағдаршам» сызықшалары қоладанылады, үш бөлікке бөлінген; қызыл сол бөлімі – сөздің басы, ортаңғы бөлім сары түсті- ортасы, бірінші жасыл бөлімдегі сызықшалар – сөздің соңы.

Басында бірбуынды, екі буынды дауысты дыбыстардың екпінін анықтау:мысалға, «а» дыбысы лақ, қар сөздері. Дауысты дыбыстар созылыңқы. Осыған суреттер қолданамыз.

Әрі қарай жұмысымызда дауыссыз дыбыстардың орнын анықтаймыз.

1) Суретті үш қатарға орналастырамыз, «л» дыбысы бар :суреттерді бір қатарға қоямыз, сөздің басында дыбысты естиміз, ал басқа ортасында, үшінші – соңында.

Суреттер: лампа, пенал, қалам, тіл, стол

1) Басында «л» дыбысы бар сөзді табу.

2) Соңында «л» дыбысы бар сөзді табу.

3) Ортасында «л» дыбысы бар сөзді табу.

4) «л» дыбысынан басталатын жануарларды, гүлдерді, ойыншықтарды табу.

5) Соңында және ортасында «л» дыбысы бар сөздерді табу.

6) Сюжеттік сурет бойынша басында «л» дыбысы бар сөздерді табу.

7) «бағдаршам» ойыны. Логопед сөзді айтады. Естіген дыбыстарына сәйкес оқушылар қызыл, жасыл, сары сызықшаларға фишка қойып отырады.

*Фонематикалық талдаудың күрделі түрі.* (санын, орнын, кезектілігін анықтау)

П.Я.Гальперин, Д.Б.Эльконин т.б ғалымдардың зерттеулеріне сүйене отырып фонематикалық талдаудың қалыптасуын келесі кезеңдерге бөлеміз.

*Бірінші кезең* – көмекші құралдарға сүйене отырып фонематикалық талдаудың қалыптасуы.

Жұмыс келесі үлгіде жүргізіледі. Оқушыларға суреттер ұсынады, сөзге атлау жасау керек, графикалық кестедегі сөздің, сөздегі дыбыстың санына сәйкес. Одан бөлек фишкалар беріледі. Алдымен бір буынды сөздер талданады. Қар, тіс, тіл, жер.

Оқушы фишкалардың көмегімен кестені толтырады. Оқушы іс – әрекеті сөздегі дыбыстардың кезектілігін модельдеу практикалық қызметтің белгісі. Фонематикалық талдау негізінің қалыптасу дағдысы алғашқы және соңғы дыбыстарда яғни сөзде дыбыстың орналасуын меңгеру (басы, ортасы, соңы).

Осы кезеңде суретті пайдалану міндетті себебі оқушы қандай сөзге талдау жүргізіп жатқанын есіне түсіреді. Ұсынылған графикалық кесте бақылауда берілген тапсырманың дұрыстығын көрсетеді. Талдау процесінде торшалардың біреуі толмаған болса, онда оқушы тапсырманы бұрыс орындадым деп түсінеді.

*Екінші кезең* – сөйлеу тілінде фонематикалық талдаудың қалыптасуы. Тілдік фонематикалық талдауда жүзеге асыруда оның материализациясына сүйене отырып, алдымен суретті қолданып, одан кейін ұсынылмайды. Балалар сөздегі бірінші, екінші, үшінші дыбысты атап, дыбыс санын анықтайды.

*Үшінші кезең* – ақыл ой жоспарына сай фонематикалық талдаудың қалыптастырылуы.

Бұл кезеңде балалар сөзді атамай-ақ, дыбыстың санын, кезектілігін, орнын анықтайды. Мысалы, бес дыбысты атап, суретті таңдайды. Сурет мұнда аталмайды.

Тілдік материалдарда фонематикалық талдау процесіндегі күрделі талдау түрін үйрету қажет. Тілдік материалдың келесі кезектілігі:

1) Бір буыннан тұратын дауыссыз дыбыстардың бір күрделі сөзде бір жерде келмеуі. ұн, аң т.б.;

2) Екі ашық буыннан тұратын екі буынды сөз: мама, таға, лала, кара. Ашық және бітеу буыннан тұратын екі буынды сөз: қалам, сағыз, мұрын, жөке.

3) Сөздегі дауыссыз дыбыстың бір буынды сөзде соңында болуы.

4) Сөздегі дауыссыз дыбыстың екі буынды сөзде басында болуы: тарақ, бұғы, санақ, қасық, қарға.

5) Сөзде дауыссыз дыбыстар екі буынды сөзде басында және аяғында болуы: тырнақ, бұғанак.

6) Үш буынды сөз: балмұздақ, қалампыр т.б

Тілдік талдау мен жинақтауда дисграфияны түзету төменгі мектептерде тек сөзді ауызша талдап қана қоймай, әліппедегі дыбыстардан сөздер құрау және әртүрлі жазбаша жаттығулар жазады.

В.К.Орфинскаяның мәліметтері бойынша дыбыстық талдаудың карапайым түрі тек арнайы оқыту барысында дамиды. Талдау, жинақтау дағдылары белгілі кезектілікпен жүргізіледі.

- Арнайы жаттығулардан соң, ойынның алдына дауысты дыбыстардың артикуляциясы бекітіледі.

- Дауысты дыбысты алдымен дауысты дыбыстардың қатарынан, сөздің басынан, сөздің ортасынан есту, тану.

- Дауысты дыбыстың қатарынан, буыннан, сөзден, дауысты дыбысты естіп бөліп айту.

- Дауысты дыбыстарды естіп тану. (сөздің басындағы, соңындағы, ортасындағы).

- Дауыссыз дыбыстарды сөздің басынан, соңынан, ортасынан естіп, бөліп айту.

Фонематикалық талдау мен жинақтау қабілетін тексеру.

4 жасқа:

Жеке дыбыстарды естіп ажырату. Сөздегі «р» дыбысын есту «қай сөзде иттің ырылдағанындай естіліді».

4 жасқа:

Асық Қуыршақ Тана

Лақ Көйлек Ракета

Әтеш Шалбар Ара

5 жасқа:

Сөздің басындағы дауысты дыбысты тауып айту.

Алма Ешкі

Орақ Орман

Өрік Ыдыс

Үйрек Әліппе

Ілгіш Ұшақ



6 жасқа:

Сөз басындағы дауысты дыбысты айту:

Қалам    Бөрік  
Қоян    Кітап  
Хат      Тауық  
Ағаш    Тас  
Көрпе   Шыбын  
Лақ      Мысық  
Сағат   Жалау  
Қарға   Гүл  
Бала     Тарақ

Сөз соңындағы дауысты дыбысты атау.

Бала            Оқушы  
Әже            Ертегі  
Тау             Қала

Сөздегі дыбыстың орнын реттеу, ретін анықтау.

Бас             Дала  
Тал             Бота  
Күн             Қозы  
Доп             Кес

Сөздегі дыбыстың санын анықтау.

От               Шеге  
Қол             Орақ  
Қас             Тоқаш  
Төл             Балта  
Ұста             Халат

5 – 6 жасқа:

Жеке дыбыстардан сөз құрау.

А   П   А  
А   Ғ   А  
Т   А   Й  
М   А   Л

Буындардан сөз құрау.

Қа – ра  
Ба – ла  
Ба – ла – пан  
Кө – бе – лек  
Ретсіз берілген буындардан сөз құрау.

Ма ал  
Лық ба  
Кі еш

Фонематикалық талдау функциясының бекітудегі жұмыс түрлері Кеспелі әліппенің әріптерінен әр түрлі дыбыстық буындар құрылымынан сөз жасау: үй, алма, тырна, аспаз.

1) Берілген сөзге қалып қойған әріптерді қою: а...м, а...мұрт, ша...ыр.

2) Берілген әріптің сөзде бірінші, екінші, үшінші орындарда кездесуі: мысалы, Қ дыбысы бірінші (қалам), екінші (аққұтан), үшінші (дақ).

3) Сөйлемдегі сөздің санын анықтап оларды жазу.

4) Бір буынға бірдей 1, 2, 3, 4 дыбыстарды қойсақ, әр түрлі сөздер пайда болады. Мысалы: па – на- паналар- парыз.

5) Сөздегі дыбыстың санын анықтау, мысалы: үш дыбыстан тұратын (там, аспаз, қал, қозы), төрт дыбыстан (алма, тана, қазы), бесалты дыбыстан тұратын (шағала, қарға, тостак).

6) Дыбыстың саны анықталған заттық суреттерді таңдау.

7) Сюжеттік сурет бойынша сөзден дыбыс санын анықтау.

8) Сөздің әрбір дыбысын таңдап сөз құрау. Ол тақтаға жазылады.

қ	ө
қал	өр
қала	өрле
қалашық	өрлену

10. Сөздерді түрлендіру:

а) сөз басына дыбысты қоямыз. Логопед сұрақ қояды: сөздегі әріптің алдына тағы бір әріп қойсақ, сөз қалай өзгереді.

б) дыбысты сөз соңына қойса.

в) сөзде бір дыбыстың өзгеруі (сөз тізбегі бойынша) қас, қаз, қал, қам, қаш;

г) буындарды ауыстыру:

Қандай сөзді сөздің әріпінен жасауға болады: (стол- вол).

Тақтаға жазылған сөздерді сөз тізбегінің үлгісіне қарап отырып, әр бір сөздің соңғы әріпінен жаңа сөз басталуы керек: дом- мак – кот- то- пор- рот.

Кубик ойыны. Әр түрлі сандар жазылған кубикті оқушыларға кезекпен лақтыруды ұсынамыз. Түскен санға санға сәйкес сөз айтуы тиіс.

Жұмбақ – сөз. Тақтаға сөздің бірінші әріпі жазылады, қалған

әріптердің орнына нүкте қойылады. Оқушылар жазылған сөзді табуы керек. К.... (крыша)

Сөздің графикалық сызбасын құрау.

\_\_\_\_\_ Сөйлем  
\_\_\_\_\_ Сөз  
\_\_\_\_\_ Буын  
..... дыбыс

Кері тәртіпте орналасқан әріптерден сөздерді атау:

Тақ – қат лақ – қал тар -рат

Кестені толтыру. Мысалы:

Кестенің сол жағына балалар сөз жазады, р дыбысынан аяқталатын, ал оң жағына «р» дыбысан басталатын сөз жазу.

Дөңгелекшелерге әріп қосып жазу. Мысалы. Сөздің үшінші әріпін дөңгелекшеге жазамыз, мына сөз пайда болады.

Ребусты табу. Берілген атаулы суреттерден сөздің бірінші дыбысын ажырату.

Сөздегі бірдей дыбыстар қандай: лала, шағала, балмұздақ, құрылысшы.

Әріпке сай сөздегі дыбыстар бірдей. ажыратылған дыбыстардан сөздерді оқу.

Бастапқы кезеңдегі фонематикалық талдаудың дамуы сөздің дыбысталуына сүйеніп, сөздегі дыбыстың кезектілігін анықтады. Логопедиялық жұмыстың мақсаты ақыл ой жоспарына сай фонематикалық талдау әрекетінің қалыптасуы. Төменгі сыныптарда тілдік деңгейдің дамуы есебінен кешенді методикамен жұмыс жүргізіледі.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Р.И.Лалаеваның тілдік талдау жинақтау негізіндегі дисграфия бұзылыстарын түзетуге төменгі кластарда кеңінен тараған.

Дисграфия этиологиясында генетикалық және экзогенді факторлар (екі қабат кезіндегі босану патологиясы, балалар инфекциялары асфиксия, бастың зақымдалуы) С.С.Мнухин, Р.И. Лалаева, Л.В. Венедиктова.

Тілдік талдау жинақтау негізіндегі дисграфия бұзылыстарын түзету негізі сөйлемдегі сөзден, буын және фонематикалық талдау мен жинақтаудан тұрады.

Тілдік талдау жинақтау негізіндегі дисграфия бұзылыстарын түзету негізіндегі кешенді әдітеме бойынша жұмыстар келесі бағыттарда жүргізіледі:

1. Мәтінді талдау мен жинақтауын дамыту.
2. Сөйлемді талдау мен жинақтауын дамыту.
3. Буындық талдау мен жинақтауды дамыту
4. Фонематикалық талдау мен жинақтауды дамыту.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1) Корнев А.Н. Нарушение чтения и письма у детей. – СПб., 1997.
- 2) Садовникова И.Н. Нарушения письменной речи и их преодоление у младших школьников. – М., 1997.
- 3) Левина Р.Е. Недостатки чтения и письма у детей. – М., 1941.
- 4) Колповская И.К., Спирина Л.Ф. Характеристика нарушений письма и чтения // Основы теории и практики логопедии. – М., 1968.
- 5) Левина Р.Е. Нарушения письма у детей с недоразвитием речи. – М., 1961.
- 6) Жукова Н.С., Мастюкова Е.М., Филичева Т.Б. Логопедия. Преодоление общего недоразвития речи у дошкольников. – М., 1998.
- 7) Туманова Т.В. Устранение оптической дислексии и дисграфии. – М., 1999.
- 8) Лалаева Р.И. Логопедическая работа в коррекционных классах. – М., 2001.
- 9) Гальперин П. Я. Психология мышления и учение о поэтапном формировании умственных действий: исследования мышления в советской психологии. – М., 1966.
- 10) Выготский Л.С. Собр. Соч.: В 6 т. – М., 1983. – Т. 5: Основы дефектологии.
- 11) Лурия А.Р. Очерки психофизиологии письма. – М., 1950.
- 12) Колповская И.К., Спирина Л.Ф. Характеристика нарушений письма и чтения // Основы теории и практики логопедии. – М., 1968.
- 13) Лалаева Р.И., Нарушение речи у детей с задержкой психического развития. – СПб., 1992.
- 14) Лалаева Р.И., Серебрякова Н.В., Зорина С.В. Нарушения речи и их коррекция у детей с задержкой психического развития. – М., 2004.
- 15) Лалаева Р.И., Венедиктова Л.В. Диагностика и коррекция нарушений чтения и письма у младших школьников. – СПб., 2001, 2004.
- 16) Логинова Е.А. Нарушения письма. Особенности их проявления и коррекции у младших школьников с задержкой психического развития. – СПб., 2004.
- 17) Лурия А.Р. Высшие корковые функции человека и их нарушения при локальных поражениях мозга. – М., 1962.

18) Мазанова Е.В. Коррекция дисграфии на почве нарушения языкового анализа и синтеза. Конспекты занятий для логопедов. – М.,2006.

19) Эльконин Д.Б. Психология обучения младшего школьника. – М., 1974.

20) Өмірбекова Қ.Қ, Оразаева Г.С., Төлебиева Г.Н., Ибатова Г.Б.Логопедия. - Алматы, 2011 ж.

21) Өмірбекова К.К.Жазбаша сөйлеу тілінің бұзылуы, түзету жолдары. - А, 2009ж.

# ҚОСЫМША

## Сабақтардың жоспарлары

**Тақырыбы:** Сөзге дыбыстық әріптік талдау. А дыбысы және әріп.

Мақсаты мен міндеттері: дыбысты нақты айтуға үйрету; әріппен дыбыстың белгілерінің сәйкестігі; баспа және жазба түрлерін жазуға үйрет; сөзде, буында, а дауысты дыбысының бөлу; қарапайым дыбыстық талдау мен жинақтау түрін дамыту. А әріпін таныту. А дыбысының сөздегі орнын айыра білу, сөздік қорын молайту, сөйлем құрастыру, байланыстырып сөйлеуге, ойлауға, есте сақтау қабілеттеріне үйрену

Құрал - жабдықтар: айна( әр балаға);кіші А әріпін қолмен жазу элементі; жеке жұмыстарға арналған карточкалар; әңгімеге байланысты пәндәк суреттер; баланың және қыздың бейнесі бейнеленген суреттер; альбомдар.

### Сабақ барысы:

#### I. 1. Көру зейінін дамыту.

Логопед: суретке кара жасырылған әріпті табамыз.

Сурет: аист, стоящий на крыше дома; лесенка с одной перекладиной; клоун, широко расставивший ноги (барлық суреттер А әріпін естеріне түсіреді)

#### 2.Сабақтың тақырыбын тақтаға жазу.

### II.Негізгі бөлім

1 *А дыбысын айту.* Әріппен дыбысты байланыстыра отырып. Модельдің артукуляциясы мен белгілерімен танысу. Қалыпты жағдайда А дыбысының айтылуы.

1 *А дыбысын естіп ажырату:*

А) дауысты дыбыстардың арасынан – у,а,ы,и,а,у,э,а;

Б) дауысты дыбыстармен бірге – ах, ао,ау, иа, оэ, ыа, аы.

В) буындардан – ам, ув, ор, ип, ак, цф, эт

Г) сөздерден - азбука, аист, уха, уши, зонт, дым, шум, дыра.

Жұмыс барысында дыбыстық кестемен сызғышты пайлануға болады.

#### 3. көру зейінін және оптикалық ұсыныстарды дамыту.

Логопед: біздің сабағымызға а әріпі асығып келді. Бірақ жолда келеңсіз жағдайға тап болды – ол ұйықтап қалғын. Әріптерді жинаймыз, ( элементтер екі шрифте беріледі.) келесі тәртіп бойынша: баспа кіші әріп, баспа ілкен әріп, жазбаша кіші және үлкен әріптерді.

### Әріп элементі.

4. Қыз баланың және ер баланың аттарын есте сақта. Орфография қалпын бекіту.

Логопед: карточкада жазылған есімді оқып А әріпі жоқ болса қоямыз. Баламен қызға есімдерін екі топқа бөлуге көмектесеміз. Әйел және ер. (логопед тақтаға есімдерді жазып қояды)

#### Карточкаға жазу:

\_ртем            \_лл\_            \_гриппин\_            \_нтон  
\_лен            \_лексей            \_ня            \_ртур  
\_н-ст\_сия            \_лекс\_ндр            \_ндрей

### 5. Кестедегі сөзге дыбыстың сай келуі.

Логикалық ойлау қабілетін дамыту.

Логопед: ер балалар мен қыз балалар суреттерді алып келді, сонымен бірге сол суретке байланысты нәрсеге жұмбақтар шешу. Табылған сөзден А дыбысын анықтап, оны кестеге жазу.

Кесте:

*		
---	--	--

	*	
--	---	--

		*
--	--	---

Айбат берген жалым бар,  
Қайрат берген тәнім бар.  
Күркіреймін ақырсам,  
Қайсы аңмын, табыңдар.            (Арыстан)

Орманда туып, жетілемін,  
Талдан талға секіремін.  
Айуан боп өскеніммен,  
Тамақ жеймін қос қолыммен.  
Өттең үйде тұмағанмын,  
Әйтпесе ғой құдды адаммын    (маймыл)

Бітімі тұрқы,  
Аумаған жылқы.  
Мәйкесі жолақ,  
Айыбы солақ.            (зебра)



### 6. *Сергіту сәті.*

Саусақ жаттығуы. «Құлып», «Көжек пен барабан», «Көжек және айна».

### 7. *Сөйлемде дыбыстық талдау деңгейін дамыту.*

Логопед: оқушылар сөйлемдерді жазды. Олар сөзде А дыбысын тастап кетті. Қарнаыздар қандай сөз пайда болды. Көмектесейік: сөйлемге А дыбысын қойып оқимыз.

Тақтаға жазамыз.

\_сқ\_рд\_ \_лм\_ б\_р

\_лм\_ \_ғ\_шынд\_ \_лм\_л\_р көп

\_йгүл\_б\_з\_рд\_н\_б\_лық\_с\_тып\_лды.

### 8. *Сөйлеу тілін дамыту.*

Логопед: суретке қарап отырып қояндарға байланысты ертегі ойластырамыз. (сурет тақтада тұрады)

Бірінші сыныптың оқушылары ертегіне ауызша әңгімелейді және а дыбысына байланысты сөздерді айтады. Ал екінші, үшінші сыныптың оқушылары логопед берген сөздері немесе сөйлемді жазады.

Сурет: қоян, орамжапырақ, картоп, кәді, бақша, үйшік,

Ойыншықтар: пирамида, қыршақ, машина, қоян, түлкі, қабан.

#### **Ертегі мәтіні:**

Орман шетіндегі үйшікте қоян өз көжектерімен өмір сүрді. Олардың бақшасы болды. Ол онда картоп, орамжапырақ, кәді өсірді. Қоян күзде мол өнім алып, үйіне достарын шақырды. Түлкі қоянға пирамида, қабан мен қой қуыршақ пен машина алып келді. Көжектері көңілді болды. Қоян жыртқытарды дәмді көкенистерінен дәм татырды.

## **III Сабақты бекіту**

*Логопед:* А дыбысы ортасында, басыда, соңында келетін жеміс – жидектердің, көкенистердің аттарын жазыңдар. А дыбысын сипаттап беріңдер.

**Тақырыбы:** Р- дыбысы мен әрпі.

**Мақсаты мен міндеті:** Р әріптерімен балаларды таныстыру. Дыбысты буында, сөздерде анық айту, дыбыстық талдау – жинақтау дағдыларын қалыптастыру.

Көрнекіліктер: жануарлар мен құстар бейнеленген суреттер «торғай, жолбарыс, зебра, керік, қасқыр т.б) тау, сарай, гүл, ағаштардың суреттері», ойыншықтар.

## **Сабак барысы.**

### **Ұйымдастыру кезеңі.**

Бір, екі, үш жануарларға айналамыз. Жолбарысты бейнелендер, ол қалай ақырады, көрсетіндер (ppp). Торғай ағашты қалай тоқылдатады –тр-р-р, тр- р-р. Мысық қалай дауыстайды, көрсетіндер (мур-р-р-р). Қарғаның кішкентай баласы қарны ашып анасын жіңішке дауыспен шақырады. (кар-р-р-р). Оның анасы оған жуан дауыспен жауап береді. (кар-р-р, кар-р-р-р)

Бігін біз сабақта қай дыбысты айтып үйренетінімізді түсінген шығарсындар. (Р дыбысы)

Мені мұқият тыңдаңдар. Мен сендерге ертегі айтып беремін. Баяғы бір заманда биік таудың басында «Р» дыбысы өмір сүріпті.

Кәне, дыбысты айтып көрейік. Қандай дыбыс екен? Жабыраңқы ма, алде қуанышты дыбыс па? Дауысты әлде дауыссыз ба? Үнді әлде үнсіз бе?

### *Дыбысты жеке айтуын машықтандыру*

«Р» дыбысының айналасында жануарлардың ырылдаған дауысы естіледі. Олар қалай ырылдайды? (ppp) тастар құлап жатты (дыбысты үзінді айту – р-р-р). Күн күркіреп қорқытты (Р дыбысы бірде қатты, бірде ақырын дауыспен айтылады). Бұл дос болуға жарамайтын дыбыс еді. Р дыбысының көңіл – күйі түсіп кетті. (Р дыбысы көңілсіз айтылады). Жанынан торғай ұшып бара жатып оған: «неге көңілсіз отырсың?» мен бір ғажайып балабақшаны білемін. онда барлық дыбыстар сиқырлы сарайда тұрады. Балалар оларды дұрыс айтып үйренеді. Сонда бар деп ақыл айтты. «Р» дыбысының қуанышы қойнына сыймай, жолға жиналды. Ал, біз «Р» дыбысына көмектесеміз (балалар орнына отырады).

### *Дыбысты буындар мен сөздерде айтуын машықтандыру*

Тақтаға таудың суреті ілінеді.

- Мынау не ?(тау) «Р» дыбысына осы таудан өтуге көмекке «А» дыбысын жіберейік. Қандай буын шықты? (ра). Осылай балалар басқа дауысты дыбыстармен қосып басқа да буындарды айтып жаттығады (ру – ро – ры). Барлық буын тіркестерін бірге атып, «р» дыбысына таудан өтуге көмектесейік: ра- ро-ру-ры (балалар бірнеше рет қайталап, қолдарын екі жаққа ажыратады.). Тау жылжып, «Р» дыбысына жол ашылды. Бірақ алдында шау- қор кездесті. Балалар, мен бірденені шастастырып алдым ба? Қоршау сөзі дұрыс айтылады.

### *Дыбысты талдау мен жинақтау дағдыларын дамыту.*



**Көрнекіліктер:** жалмауыз кемпірдің суреті; сөздер жазылған карточкалар; альбомдар.

**Сабақ барысы.**

1. Буын туралы білімді бекіту

Логопед: мына жерде не жазылғанын атаңдар? (сөз және буын).

Буын дегеніміз не? Сөз дегеніміз не? Буыннан сөз құрап жазыңдар. Бір буыннан қандай сөз құралады?

2. Тақтаға сабақ тақырыбын жазамыз.

II. Негізгі бөлім.

1. *Сабақ жоспарымен танысамыз*

Логопед: Мен сендерге қорқынышты хабар айтуға асығып келдім: жалмауыз кемпір кішкене балаларды ұрлап, үйшігіне қамап тастады. Енді не істейміз? (сөйлем балаларды құтқару керек) Шешімі табылды! Балаларды құтқаруға аттанамыз. Біз оларға ауа шарларымен ұшып барамыз.

Шарда жазылған буындард оқимыз. Шардағы сөзді толықтырсақ, сонда ғана шарлар ұшады.

.. – НА      ОР - ...    СА - ...    КІ -...    КЕ - ..  
ЖА- ...      ЖҰЛ-...    ҚА- ...    ҚАР - ...    ТА - ...

2. *Логикалық ойлау қабілетін дамыту.*

Логопед: Біз өте алысқа ұшамыз. Алдымызда қалың орман. Қараңыздар, қандай өткір шыршаның бастары? Біздің шарларымыз жарылы кетпесін! Оларға тағы да ауа қосып, жоғарырақ көтерілеміз.

Жұмбақтың шешімін табамыз. (тақтада жазылған). Сөздерді буынға бөлеміз.

Аласа ғана бойы бар,  
Тоғыз қабат тоны бар. (сарымсақ)

Дауысы бар, жаны жоқ,  
Шертсең күйі, әні көп.  
Құлағын он бұра.  
Ол не?.... (қауын)

Шыр көбелек айналар,

Беліне жіп байланар (ұршық)  
Кіруге адам батпайды,  
Затыңды аман сақтайды. (сандық)  
Өткір жүзді келеді,  
Өте қажет құрал ол.  
Тұтас затты бөледі,  
Ұсақтап та тұрар ол (пышақ)

Сабы бар,  
Басы шатыр.  
Табысын өлшеп әкеп,  
Құдыққа тасып жатыр. (қасық)

## 2. Бір буынды сөзді екі буынмен түрлендіру

Логопед: біз өзенге ұшып келдік. Әрі қараай қайыққа отыруымыз қажет. Бірақ алдымызда тұрған кім? Жалмауыз кемпір бізге кедергі келтіріп, сөздерді жеп қоймақшы. Тездетіп бір буынды сөзді екі буынды сөзге түрлендірсек жалмауыз кемпір сонда ғана сөздерді жей алмайды. (карточкада жазылған)

## 3. Бір буынды және екі буынды сөздердің дифференциациясы.

Логопед: сонымен, біз қарама – қарсы жағада тұрмыз. Тездету керек. Жолымыз қалың қараңғы орман арқылы өтеді. Сөздерді екі бағанға бөлеміз: бір буынды – бағананың төменгі жағына 1, екі буынды - 2 санымен жазылады.

Құрт	жаңбыр	құлақ	нан	кітап
Лифт	үстел	кино	қар	қағаз
Қарға	бақ	садақ	тақ	суық
Құз	қанқа	табақ	жем	жас

Логопед: қандай сөздерді бір топқа топтастыруға болады? Неліктен?

## 4. Буындық талдау мен жинақтау жаттығуы.

Логопед: жалмауыз кемпірдің үйшігіне де жетіп келдік. Тездетуіміз керек. Жалмауыз кемпір үйде жоқ кезде, балаларды босатуымыз қажет. Үйшіктің есігінде қандай ауыр құлып тұр! Енді оны қалай ашамыз? Мүмкін, сиқырлы буындарды шақырамыз? (карточкада жазылған)





Ибагова Г.Б.

ДЫБЫСТЫҚ ТАЛДАУ МЕН ЖИНАҚТАУ ДАҒДЫЛАРЫНЫҢ БҰЗЫЛУЫ  
САЛДАРЫНАН БОЛҒАН ЖАЗБАША СӨЙЛЕУ ТІЛІНІҢ БҰЗЫЛЫСЫН  
ТҮЗЕТУ-ЛОГОПЕДИЯЛЫҚ ЖҰМЫСЫ:

ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ

Редактор *Г. Ибагова.*  
Технический редактор *Д. Токтарбекова.*  
Компьютерная верстка *А. Кабанбаев.*

---

Формат 60x84\16. Бумага офсетная. Усл. печ. л. 4,0.

---

ННПЦ КП 050008, г. Алматы, ул. Байзакова 273 А,  
тел\факс 394-45-17, 394-45-07.